

ҒЫЛЫМ. БІЛІМ. ТӘРБИЕ



«Балам» деген ел болмаса, «Елім» деген бала қайдан шығады?

А. Байтұрсынов



ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ!



– 1941 жылдың октябрінде фашистер өзінің барлық адам күшінің – 42, танктерінің – 75, артиллериясының – 45, са-
нің – 31 процентін Москваны алуға жұмсады. Москваға келер жолды бекітіп біздің үш майданымыз: Батыс майданы
шысы генерал-полковник И.С.Конев), Резерв майданы (командашысы Совет Одағының Маршалы С.М.Буденный) жә
майданы (командашысы генерал-лейтенант А. И. Еременко) тұрды. Батыс майданына қарайтын Волоколамск бағыт
армия (командашысы генерал-лейтенант К.К.Рокоссовский, соғыс советінің мүшесі А.А.Лобачев, штаб бастығы М.С.М
жіберілді. Кейіннен 8-ші гвардиялық дивизия атағын алған біздің 316-шы атқыштар дивизиясы осы армияның құрам
Волоколамск қаласы мен Москваға кіретін күре тамыр – Волоколамск тас жолын қорғады.

14-16 октябрьде дивизия шақырылмаған қонақтармен алғаш рет «танысып», содан кейін оларды сыйлауға кірісті. Бірақ көп қонақты
«күту» оңайға түскен жоқ. Біздің дивизия дұшпанның үш дивизиясына – бір танк дивизиясы мен екі жаяу әскер дивизиясына қызмет етті.
Қару-жарақ, адам күші жағынан олар басым болғанымен, біздің оларды уақыттан ұтуымыз қажет еді. Осы уақытты ұту мақсатымен біз
кейін қарай жылжи, сырғи отырып, жиырма сегіз күн соғыстық. Сол жиырма сегіз күнде біздің дивизия жиырма бес километр ғана кейін
шегініпті. Сөйтіп немістердің Москваға жасалған 7-31 ок-тябрь арасындағы **бірінші үлкен шабуылы күйретілді.**

Содан кейін немістер ес жиып, ноябрьдің бірінші жартысында **екінші «үлкен» шабуылға** әзірленді.

Атап айтқанда, 1941 жылы 13 ноябрьде Гитлер Орша қаласында «Оңтүстік», «Орталық», «Солтүстік» армиялар топтары мен 6 жаяу
әскер, 1 танк ар-миясы штабтары бастықтарының мәжілісін өткізді. Онда Фюрер өз әскерінің әлі күнге дейін Москваны ала алмағанына
күйініп, кіжіне сөз сөйледі. Сөзі-нің соңында ол: «Москваның қазіргі тұрған орны шалқар теңіздің түбі болады. Оның тулаған
толқындарының үні, міне, менің құлағыма келіп тұр. Осы-лайша орыс астанасы мәдениетті дүниенің көзінен мүлде жоғалады. Оған
Тодтың өзі-ақ жәрдемдеседі... **Бірақ алдымен бұл қаланы талқандау керек. Бұл істі сіздер істейсіздер. Орыс әскерінен, астана халқынан
ешбір жанға сауға берілмесін. Бәрі тегіс су түбінде шіруге тиіс**», - деп бұйырды.

Сөйтіп, соғыстың бір жүз қырық жетінші күні, яғни 15 ноябрьде, жау Москваға екінші рет ең зор шабуылын бастады. Жаудың 51
дивизиясы қара құрт-тай қаптап, Москваға лап қойды. Оның он үші танк дивизиясы да, жетеуі моторлы дивизия еді. Табандарынан қар
борап, стволдарынан оқ пен снаряд бұршақтай жауған бұл темір дивизиялар соңынан найзаларын алға қарай кезеген отыз бір жаяу әскер
дивизиясы және өңмеңдей ұмтылды.

Гитлер 1940 жылдың көктемінде барша Францияны жаулап алуға он-он бір танк дивизиясын аттандырғанда техниканың адам
айтқысыз көп шоғыр-ландырылуынан шошып, бүкіл дүние жүзі ішін тартқан еді. Енді ол жалғыз Москваға қарсы мұншама тажал
жөнелткенін естігенде ақыл-есті адамзаттың жаны түршікті.

Алғашында біздің танк, артиллериямыз аз болды. Ноябрьде ғана ПТР шықты. 16-шы армияға жіберілген қырық ПТР-дің отызы біздің



Человек-легенда

Десять лет назад ректор Южно-Казахстанского педагогического университета кандидат филологических наук, доцент Абдужалиль Абуталипович Аккузов попросил меня перевести написанную на казахском языке рукопись воспоминаний ветерана на русский, и разместить статью в университетской газете, чтобы «городские тоже почитали». Я с энтузиазмом взялся за дело и переведённая мною большая половина статьи была опубликована в ближайшем номере. Я планировал закончить перевод оставшейся части к следующему номеру газеты. Но когда я дошёл до тех мест, где становится тяжело на душе – я забросил перевод. Рукопись так и осталась пылиться на полке...

Время идёт, меняется эпоха. Мир сегодня не такой, как десять лет назад. Сегодня нашей молодёжи нужны ориентиры. Поэтому я снова взялся за перевод. И сегодня я представляю его вниманию читателей.



Б. Жолдасов, кандидат исторических наук

ПРОЛОГ

Мое полное имя Есиркепов Ергали Есиркепулы и свой рассказ-воспоминание я посвящаю памяти батыра Алашского народа и настоящего гражданина Отечества Ережепбая Молдабаева.

Еще будучи ребенком наша семья переехала в отделение имени Тельмана на окраине Шымкента, которое сейчас в простонародье известно как аул «Тельман». А тогда этот населенный пункт назывался колхоз «Ерназар». Самому мне Ережепбая Молдабаева повидать не удалось, но я с младых лет работал в колхозе рядом с теми, кто воочию видел и знал его не понаслышке.

После окончания той бесчеловечной войны, унесшей миллионы жизней наших соотечественников, мы, победившие и оставшиеся в живых, день и ночь работали ради того, чтобы восстановить разорённую страну, привести разрушенное хозяйство в порядок. Ведь все деревни-сёла, хутора-аулы практически были превращены в пепелища. Мы победили, и теперь хотели жить по-человечески. Мы недоедали и недосыпали, нам всем было не до веселья. Каждый день в течение многих лет мы знали лишь тяжелый изнуряющий труд, и мы не жалели себя. Я своими глазами видел результаты того нашего трудового подвига. Хотя тогда мы о подвиге и не думали. А ведь люди, которые его совершали, были рядом, живые – из плоти и крови! Я сам все это с ними прошёл. В нашем колхозе это были председатель Досметов Рашид, аксакалы Бухарбаев Суртай, бывший полевым бригадиром и Абдиев Калымбет, бригадир колхоза. В те годы старшее поколение аульчан представляли Саржанов Толеген, Ибраймов Сейит, Орынбаев Тлеген, Битемиров Ортай, братья Рабек, Керимбек и Мырзахан Айтбековы, Асанов Есиркеп, Алимбаев Досмахан, Оспанов Бердыкарим, Тойганбаев Комек, Бадалов Мырзамет, Абдиев Омирзак, и их верные спутницы Асанова Нарша, Молдабаева Хадиша, Балтайана, Кабылова Умсын, которые все силы отдавали на то, чтобы поднять быт и жизнь нашего поселка на должный уровень. Сейчас, с высоты своих лет, я больше понимаю то, что двигало ими. Их окрыляла Мечта. Мысль, что если не они сами, то хоть потомки их заживут по-человечески. Вот откуда их сила, откуда их самоотверженный труд – в день и ночь, сквозь пот и кровь, голод и холод!



Работая с такими людьми, каждого из которых можно было бы без преувеличения назвать героем, я рос и впитывал их воспоминания о Ережепбае Молдабаеве в довоенное время, о сделанном им для своих соплеменников, внимал рассказам о его храбрости и ратных подвигах на фронте. Даже и не верится, что все это было в одном человеке, порой кажется, что была кое-где покрыта и небывлю. И потому сегодня, дабы почтить память человека-легенды, память Алашского батыра, мне, старцу с убежденными сединами, пришлось взять в руки калам и бумагу.

Часть I. ДО ВОЙНЫ

Судя по устным сведениям, собранным мной, у Оскенбай батыра был потомок – Молдабай, что пас колхозный скот вдоль полноводной реки Арысь, близ Каратау. У Молдабая-бабы было двое детей – Хадиша и Ережепбай. Молдабаева Хадиша 1922 года рождения, а Ережепбай – 1915-го. В предвоенные годы на Катын-копыре была 4-хлетняя школа, где директором был уважаемый всеми Саттаров Абдильда. Так вот, после окончания этого начального учебного заведения наш Ережепбай продолжает учебу в ауле Актас. И, заканчивая школу с весьма высокими отметками, уже в школе населенного пункта Кайтпас он вступает в ряды Ленинского комсомола. Но и будучи активным среди школьных сверстников и опорой для наставников-педагогов, он, как только выдавалось свободное время, спешил на помощь к своему отцу Молдабаю. Пас колхозный скот, возил на бричке колхозное зерно, работал день и ночь, да так, что односельчане, со слезами на глазах, умилялись «был бы и у нас такой сын, как у Молдабая», говорили они. Таким остался он в памяти сельчан в безмятежные годы своей юности. А затем, после оказанного ими доверия, он некоторое время был даже мирабом, то есть тем, кто ведает арыками и устанавливает очередность

полива орошаемых участков у аульчан. Разумеется, эта должность требовала большой смекалки, порядочности, справедливости и вряд ли была бы доверена человеку ненадёжному. Тогда то и дали нашему Ережепбаю сокращенное, но уважительное именование «Жаке».

Начавшаяся в 1941 году война была, как известно, самой кровопролитной и бесчеловечной. В год начала войны Ережепбаю-Жаке было всего-навсего 15 лет. Как говорили мне старики, множество аульских старшин-лидеров, мужчин в цвете лет, настоящих орлов-джигитов, по первому же зову, в едином порыве добровольцами отправились «за матушку Родину» на передовую, защищать Отчизну. Был среди них и мой отец – Асанов Есиркеп...

Из ушедших на ту войну немногие вернулись назад. В наших краях, после ухода добровольцами всех мужчин, остались лишь немощные старики, женщины да малые дети. Не было еды, продуктов, одежды. То было время, когда любую найденную годную вещь наши матери сразу отправляли на фронт. Как вспоминаю, сердце щимит. Что скрывать, трудное было время. Никогда бы подобное не повторилось!

С фронта приходили письма. Каждый раз, при появлении почтальона, еще издали, наши матери, трудившиеся на полях, вздрагивали, а старики причитали про себя от бессилия: «Только бы были хорошие вести». Так откуда же всегда приходило хорошим вестям? Приходили и похорожки. В какой дом заходил почтальон, туда сразу направлялись и все люди. Нередко старикам приходилось успокаивать обезумевших женщин. Да, в ту пору часто выказывались соболезнования. Вот такое было время, когда чаще всех умирали самые молодые, сильные и здоровые люди. И каждый раз, на поминках, соседи наблюдали, как сжимались от злобы кулаки у Ережепбая-Жаке. Сжимались молча, надолго...

Вскоре, как только ему исполнилось 17, он пошел в военный комиссариат и попросил отправить на фронт добровольцем. Очевидно, там ему мягко напомнили про его молодость. Наверное, нашли нужные слова. Но через год они отказать ему уже не имели права, и 18-тилетним добровольцем наш Ережепбай-Жаке отправился бить врага.

Вспоминая, как отправляла его на фронт,

Продолжение на следующих страницах

Человек-легенда

Перевод: Жолдасов Бакытжан,
кандидат исторических наук

тётя Хадиша говорит: «Да кто ж не помнит день, когда на фронт уходили двенадцать наших сокольников с Арыси? Это был трудный и горький момент», - тут она прерывается и тяжело вздыхает. «Народ и так давно забыл о радости и веселье. А тут такое, совсем молодое. Но все 12 лучились выражением гордости, как горные скалы, без тени страха и сожаления. Да что там! Огонь молодости в их груди перекинулся и на нас, мы все были озарены их светом! Они своими улыбками успокоили нас, и многие из нас тоже заулыбались. За долгое время в нас опять вселялась вера. Эту «летнюю» группу должны были за несколько месяцев обучить и отправить на передовую. Среди улыбающихся мальчиков Ережепбай был самым младшеньким».

Часть II. СТАНЦИЯ ЛЮБВИ

Суровая зима. Вокзал. На перроне туда-сюда мечутся люди. Провожают на фронт кто сына, кто мужа, кто брата и отца. На пронизывающий до костей и обжигающий лицо холод никто внимания не обращает. Ладони, обнимающие любимых, теплы, а слезы, падающие на землю – горячи.

На проводах Ережепбая уже дряхлый Молдабай совсем раскис. Но он старался, чтобы этого никто не замечал и, часто отворачиваясь, смахивал старческой ладонью набегавшие слезы. Тем более, он совсем не хотел беречь душу сына и омрачать ее напрасными переживаниями. На правах старшего, иногда он и сам пытался одергивать остальных: «Ну, успокойтесь! Сами не замечайте, как обернется... Совсем скоро!», «Вернётся, куда денется! Вот увидите, дорогие мои!». С течением времени отъезжающих становилось больше. Все больше прибывало и провожающих. Совсем рядом, одна милотвидная девушка и вовсе не может совладать со своими чувствами. Ведь никто из посторонних не замечает Ережепбая, не сочувствует и не шутит над ним. Лишь она одна, издали, пытаясь быть незамеченной другими, все смотрит и смотрит на него нежным призывным взглядом. Да разве ж можно скрыть целое море чувств? Заметно, что и Ережепбай взволнован не меньше ее появлением. Всегда взаимные чувства двух сердец, стремящихся друг к другу, ищут уединения. Да, сколько ласки и нежности вокруг у прощающихся!.. На какой-то миг двое влюбленных оказались совсем рядом, и она украдкой вложила расшитый собственноручно платочек в ладонь любимого. Молния прошла сквозь Ережепбая, когда его руки коснулись ее дрожащие пальчики...

Это не ускользнуло от взгляда умудренного жизнью Молдабая. И сильно обрадовало его. Передавшееся ему волнение заставило сердце затрепетать, а грудь наполнилась ярким светом. «Две лани мои, два жеребёночка!», - воскликнул в душе старец. Его впадавшие глазницы вновь наполнились слезами, но это были теперь слезы радости. Умилившись, и еще раз окинув взглядом сына с его избранницей, он воспрял духом, ведь теперь он

был уверен, что его сын обязательно вернется. Он знал, что сын сделает все, чтобы вернуться живым и гордо поднял убежденную голову, ведь у него затеплилась надежда.

Это был февраль 1943 года. Все сплошь молодые лица у отправляемых на фронт мужчин. Они направляются на запад, в самое пламя войны. Среди них и Ережепбай. В его ушах звенит последнее наставление отца: «Возвращайся с победой, сынок! Не поддавайся врагу...». Он помнит, как после этих слов отцу стало плохо, и теперь у него есть еще свои счеты с врагом. Еще помнит он слова своей любимой: «Доверь хранить свою любовь мне, а защитить Родину я доверяю тебе!». Эх, знал бы старый степной орел Молдабай, что видит сына в последний раз...

Часть III. ФРОНТ

Судя по письмам, которых у тёти Хадиши немало, Ережепбай-Жаке ехал без отставок долго, их эшелон прошел много земель и отдаляясь все далее и далее на запад, они начинали понимать что сделал огонь войны с этими землями...

Впервые вступить в бой с фашистскими захватчиками довелось Ережепбаю-Жаке на польских землях: «Гоним врага обратно. Освобождаем Польшу. У меня все хорошо. Разных национальностей, мы все как дети одной семьи. Командир полка Лукашев (– русский, прим. переводчика), майор Мухаметов – казах, капитан Черекшивили (скорее, Черекшивили, прим. переводчика) – все замечательные люди. Каждый, как родной отец, советуются с нами. На переправе через реку Висла был ожесточенный бой...». Эта выписка из письма подтверждает героическое форсирование Вислы, вошедшее во все анналы.

А теперь заглянем в музейно-архивный «Военно-исторический журнал», где видим: «При освобождении города Бердичев 4 января 1944 года храбростью особо отличился рядовой 9 роты 545 полка 389 стрелковой дивизии Ережепбай Молдабаев. Прорвав передовую оборону врага, он с автоматом и гранатой первым бросился в их траншеи, уничтожив 5 немецких солдат». За данный героический поступок командование приказом №02/н от 13 января 1944 года наградило нашего земляка Ережепбая Молдабаева медалью «За отвагу».

Полк Ережепбая, погнавший врага, достиг Вислы, опередив другие воинские формирования. Здесь им, конечно, пришлось немало переждать, так как немцы не оставили ни одного целого моста через реку. А переправляться долгое время вплавь, на виду у занявшего прочную оборону противника было смерти подобно. Над водной гладью беспрестанно трассировали пули, пулеметы с противоположного берега строчили бесперебойно.

Комполка А.Н. Лукашев поставил перед своими бойцами задачу форсировать реку подручными средствами. Это было почти невозможным, но необходимым. И среди первых, бросившихся исполнять приказ, был

Ережепбай Молдабаев. Он и четыре бойца под началом комиссара Добровольского спустили на воду небольшую лодочку. Целью советских воинов было – закрепиться на берегу, отогнать противника, не давая ему создавать помехи для переправы остальных наших сил. Стояло 29 июля 1944 года. Весь этот жаркий день, уже укрепившаяся на противоположном берегу вражеская пехота, беспрестанно обстреливала попытки переправы наших войск артиллерией и минометами. Несмотря на плотный огонь приказ необходимо выполнять. Шесть наших бесстрашных бойцов на утлой лодчонке почти достигли середины реки. Но тут разорвавшийся рядом снаряд перевернул ее. Капитан Добровольский был тяжело ранен. Самостоятельно он не смог бы добраться ни до одного, ни до другого берега. Понявший это комсомолец, младший сержант Е. Молдабаев поручил соратникам продолжать добираться до вражеского берега, а сам бросился на помощь к офицеру.

Вражеские пули свистели над кипящей водной нивой, и словно собаки, воровато пробравшиеся в чужой двор, стремились к нашему берегу. Тащившему на себе раненого капитана Ережепбаю каждая пядь воды до берега давалась с огромным трудом. Сам ведь он был не из озерных краев, напротив, из пустынных земель и раскаленных горных кряд. Но желая во что бы то ни стало вырвать из лап смерти своего товарища, изо всех сил греб свободной рукой, борясь с волнами. Горячее сердце, обожжённое южным солнцем, несмотря на сопротивление волн, тянуло две души к спасительному берегу. Это было невероятно тяжело для сына степи – порой он захлебывался водой и бессознательно начинал вспоминать аул, родные края, свою черноокую девушку... Но приходя в себя, и вспоминая о соратнике за спиной, он собирал все свои силы, еще и еще.

Добравшись, наконец, до берега, он вытащил из воды капитана Добровольского и тут же устремился обратно в реку. В ходе переправы он спас еще двоих раненых солдат – не дал им утонуть, вернув надежды двух семей, не дал погаснуть солнцам двух домов. К тому времени воины, сумевшие закрепиться на противоположном берегу, завязали с врагами бой. Вступил в него и наш славный батыр. Взяв в руки автомат с небольшой группой солдат он очистил плацдарм от врага, дав возможность переправиться и другим воинам своей роты. Враг оказывал ожесточённое сопротивление, он превосходил и в численности и по вооружению. Но нашим воинам уже некуда было отступать и их уже ничто не могло остановить. Так, благодаря их доблести через реку смогли переправиться и все остальные солдаты полка.

Всё это не какие то байки. В «Военно-историческом журнале» об этом подвиге полка подробно расписано А.Н. Лукашёвым. И особенно тщательно, с гордостью, описан подвиг Ережепбая Молдабаева.

Нашему земляку за подвиг в этой операции в сентябре того, 1944 года, Указом Президиума Верховного Совета СССР было присвоено звание Героя Советского Союза. Но в это время наш доблестный Ережепбай-Жаке, к

Человек-легенда

Перевод: Жолдасов Бакытжан,
кандидат исторических наук

сожалению, уже ушёл в Вечность.

Часть IV. СМЕРТЬ ГЕРОЯ

Был один старший товарищ – выросший рядом с Ережепбаем-Жаке и также прошедший сквозь пламя войны, но вернувшийся целым и невредимым – Отебай Калыбаев. В послевоенное время он долгие годы учительствовал, а также часто писал воспоминания. Его поэму «Герой Ережепбай» наши земляки знают очень хорошо. О. Калыбаева я видел своими глазами, не раз беседовали с ним, были за одним столом, деля дастархан. В мемуарах Отебая Калыбаева о гибели Ережепбая-Жаке написано, что после форсирования Вислы их полку было приказано взяться за освобождение города Сандомир. В ту ночь семи воинам под командованием младшего сержанта Ережепбая Молдабаева было приказано обойти врага с тыла и ударить с целью разделения его сил. Под покровом ночи небольшая группа под управлением младшего сержанта вплавь перебралась на другой берег реки Сак. До врага – рукой подать. Даже слышно, как разговаривают часовые. Впереди маячат очертания высокого холма. Нападение и обстрел укрепления врага было решено совершить с него. Скоро наши воины закрепились там...

Безлунную ночь разорвали автоматные очереди, враг был захвачен врасплох. Но после непродолжительной паники он сорганизовался и понял, что это немногочисленная диверсионная группа. Дополнительно выдвинутые вражеские силы стали обступать холм. Бой продолжался три часа и под упорством группы Ережепбая враг был вынужден отступить в своё укрепление. Таким образом наши воины заперли его, поспать врагу не удалось. На рассвете красные соколы пошли в наступление. Сначала группировка врага подверглась авиаудару и массированному артобстрелу. Затем в бой пошла наша пехота. Группа Ережепбая покинула холм и тоже ввязалась в бой, слившись со своими основными силами. Впереди ждал Сандомир.

Но и враг не лыком шит, отчаянно сопротивляется. Вскоре вперёд пошли немецкие танки. Чтобы не были смяты наши ряды, эту опасность необходимо было ликвидировать на расстоянии, не подпуская близко. Но выйти одному против танков... На это мог решиться только отчаяннейший человек. Понимая, что приказом дела не решить, и здесь нужна собственная воля бойца, капитан пояснил ситуацию и сказал, что нужно делать.

- Я пойду,- вызвался наш Ережепбай.

- Да ты совсем молодой! – сказал капитан.

- Служу Отчизне! – чётко ответил Ережепбай, отдав честь.

Капитан невольно улыбнулся героизму Ережепбая – такого он не ожидал...

Взяв несколько гранат, Ережепбай пошёл вперёд. Провожая его ласковым взглядом один из старых фронтовиков промолвил:

- У этого юнца-казаха львиное сердце!

Но этих слов Ережепбай уже не слышал. Потому как в этот момент он думал совсем о другом. Забыв обо всём он сконцентрировался лишь на одном – остановить танки. Лишь шаг отделяет мечту солдата от его гибели. В этот миг встречаются лицом к лицу надежда солдата и его смерть. Ережепбай шёл очень осторожно. Здесь нужна выдержка. Не так легко выйти на позицию, откуда броском можно достать танк гранатой... Немного погодя раздался взрыв и все наши бойцы увидели объятый пламенем вражеский танк. Все сразу воспряли духом, их радости не было предела, это была победа каждого из них! Но лишь геройский сын простого кочевника казаха не обернулся больше. После точного броска гранаты наш Жаке упал на землю, и больше не поднялся.

Часть V. ПОСЛЕ

Из «Военно-исторического журнала»:


Е. Молдабаев с немногочисленной группой бойцов, всего в одиннадцать человек, по заданию, вплавь форсировали реку Висла и подверглись тяжёлым атакам противника. Им удалось успешно отбить девять атак вражеских сил. И, несмотря на потерю связи с полком, обороняясь, группа смогла защитить плацдарм от непрерывных атак превосходящих сил противника в течение двух суток...

Младший сержант Е. Молдабаев пал смертью храбрых на поле боя 7 августа 1944 года. 23 сентября 1944 года ему посмертно присвоено звание Героя Советского Союза. Е. Молдабаев похоронен в селении Грудза в Польской Республике.

Награды:

- 1) Медаль «Золотая звезда», звание Героя Советского Союза (23.09.1944 г.)
- 2) Орден Ленина (23.09.1944 г.)
- 3) Медаль «За отвагу» (приказ № 2-н от 13.01.1944 г.)

Все эти данные взяты из «Военно-исторического журнала».



ПОСЛЕСЛОВИЕ

Перед тем как написать эту статью я, взяв с собою несколько джигитов, побывал в доме сестры Ережепбая – Хадиши, чтобы выказать семье уважение. Поздоровавшись, проговорили несколько часов, повспоминали многое... Я сказал ей, что хочу написать статью о её брате Ережепбае-Жаке. Часто потирая глаза платочком, она рассказала мне многое, за что я хочу её сердечно поблагодарить. Если бы не рассказанное, откуда я смог бы добыть столько информации? Ведь я не был на фронте, лишь ночь и день трудился в тылу. И поэтому эту статью я хочу завершить словами сестры Хадиши:

- То были суровые дни, - вытирая слёзы и тяжело вздыхая говорит Хадиша, - Пусть никогда такое не повторится. Чтобы юнцы гибли под пулями. Будь проклята война! Нам нужен мир. И пусть никогда не будут забыты имена тех, кто отдал свои жизни за Родину, за свой народ, чтобы мы могли жить... Ну что ещё сказать про Ережепбая?

В 1932-м мы остались без матери. Маленькие были еще. Было трудно. Помогая друг другу, как то выживали. Ережепбай мужал, рос хорошим человеком. К тому времени, когда уходил на фронт, он окончил семилетку и вступил в комсомол.

Этими словами она и закончила нашу беседу.

Завершая свою статью-воспоминание хочу описать и послевоенные годы. Это было тяжёлое время. Народ был нищ и обездолен. Не говоря о зелени и мясе – мы куска хлеба чёрствого не могли достать. Жили впроголодь, одеться было не во что, ходили в рваньё. После окончания чудовищной войны лишь изредка можно было встретить здоровых мужчин. Поэтому вся тяжёлая работа по восстановлению разрушенного войной хозяйства по всей стране легла на плечи женщин и подростков. И одним из этих несчастных бедолаг сызмальства оказался я. Но человек,

оказывается, свыкается с любыми трудностями. Да что уж говорить об этом?..


Каждый раз, завершая чтение на- маза, я прошу только одного – чтобы нынешнее молодое поколение, наши росточки, не видело того, что пришлось пережить нам. Пусть не будет тех трудностей у будущих поколений, что были у нас. Мы обрели независимость, урегулировали границы, сыты и одеты-обуты, живём под ясным голубым небом. Мы должны быть рады сегодняшнему дню, мои дорогие!

Аксакал,
ветеран тыла,
житель отделения «Тельман»
Есиркепов Ергали кажы
Есиркепулы.
01.04.2015 г.



*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжі,
Қазақстан тарихы пәні оқытушысы, саясаттанушы магистр
Досыбай Нұрлыбек Жолдасбекұлы*

Ұлы Жеңіске 80 жыл: ерлік пен өшпес даңқ



*Қазақстан тарихы пәні оқытушысы, саясаттанушы магистр
Түркістан облысы Ордабасы ауданы Қ.Сәтбаев атындағы жалпы орта мектебі,
директоры қызметін атқарған зейнеткері, Досыбай Роза Есентайқызы*

1939 жылдағы халық санағы бойынша Қазақстанда 6,2 млн тұрғын тұрды. Соғыс жылдарында майданға 1196 164 адам алынған. Бұл мәлімет 18 бен 50 жастың арасындағы әскерге алынған адамдар туралы республика әскери комиссариатының есебіне негізделгендіктен, соғысқа дейін Қызыл әскер қатарында мерзімді қызметін атқарып жүрген 178 мыңдай қазақстандық ескерілмей қалған. Олар фашистермен соғыс басталған күнінен бастап жауынгерлік сапқа тұрған.

Ұлы Отан соғысы жылдарында кеңес әскерінің құрамында барлығы 1 374 164 қазақстандық болған. Оған қосымша сталиндік әміршіл-өкімшіл жүйе, Азамат соғысы жылдарындағы Лениннің тікелей нұсқауымен халықтың бүкіл еңбекке жарамды адамдарын еңбек майданына жіберген тәжірибесін пайдаланып, республикадан еңбек армиясына тағы 700 мың адам алды, олардың 200 мыңдайы - 55 пен 60 жас аралығындағылар. Бірақ та бұл сан да шындыққа сай келе қоймайды. Өйткені халықтың бір бөлігі, әсіресе ауылдық жерлердің тұрғындары жергілікті Кеңес үкіметі орындарының қаулысымен үш ай, тіпті, одан да көп мерзімге еңбек армиясына алынып отырды. Оларға еңбек армиясына алынғандығы жөнінде ешқандай құжат берілмеді.

Соғыс жылдарында Қазақстанға майдан шебіндегі аудандардан және өз еркінен тыс жер аударылғандары бар, барлығы 1,5 млн адам келді. Оларды қоса есептегеннің өзінде майданда және еңбек армиясына шақыртандардың үлесі өзге республикалармен салыстырғанда өте жоғары болып, орта есеппен әрбір төртінші тұрғыны жіберілді. Бұл, тіпті, екі майданда сотые жүргізіп жатқан Германияның адам күшін мобилизациялау дәрежесінен де асып түсті. Онда халқының 12 пайызы майдан қажетіне алынса, Қазақстанда бұл көрсеткіш 24 пайыздан асып кетті. Оның басты себебі республикамыз аграрлы ел болғандықтан, еңбекке жарамды ер азаматтардың басым бөлігі әскер қатарына алынып, ауылда майданға жарамсыз мүгедектер, қарттар, қыз-келіншектер мен жасөспірімдер ғана қалды. Ал қорғаныс және ауыр өнеркәсіп саласындағы жұмысшыларға жеңілдік беріліп, бронь арқылы әскерге алынбады.

Еңбек армиясына алынғандардың көпшілігі әскери нысандарда, Орал мен Сібірдің зауыттарында, республиканың өндіріс орындары мен теміржол құрылыстарында әскери тәртіппен өте ауыр жатдайда жұмыс істеді. 1941 жылдың соңынан өнеркәсіп жұмысшылары мен қызметкерлерінің өз бетімен жұмыстан кетіп қалғаны және кешігіп келгені үшін жауапқа тартылатындығы жөнінде қатаң тәртіп ендірілді. Еңбек армиясына алынғандардың көпшілігі қиындыққа шыдамай кайтыс болды немесе ауруға ұшырады.

Әскерге алынған қазақстандықтардың басым көпшілігі майдандағы әскер қатарын толықтыруға жіберілсе, ал шамамен үштен бірі республикада жасақталған құрамалар мен бөлімдерге алынды. Олардан 12 атқыштар дивизиясы, 4 атты әскер дивизиясы, 7 ат полктері мен батальондары жасақталды. Олардың қатарында 3 атты әскер дивизиясы мен 2 атқыштар бригадасы қазақтың ұлттық бөлімшелері ретінде құрылды. Республика офицер кадрларын және армия мен флот үшін қажетті жауынгерлерді дайындауда лайықты үлес қосты. Әскери оқу орындарына 1941-1945 жылдары 42 мыңнан аса жас қазақстандықтар жіберілді, ал республика аумағында жұмыс істеген 27 әскери оқу орны толық смес мәлімет бойынша 16 мың офицер даярлаған. Оларға қосымша, майдандағы ауыр жағдайға байланысты майданға 10,5 мың курсант сержант атағымен және 10 мың адам қатардағы жауынгер болып аттанған.

Жаумен алғаш ұрысқа Кеңестер Одағының батыс шекаралары маңындағы әскери бөлімдердің жауынгерлері кірісті. Батыс шекаралық округтердегі қызыл әскер күштерімен салыстырғанда Германия әскери күші адамдар саны жағынан екі есе, танктен және ұшақтан үш есе, артиллериядан 1,3 есе басым болды. Осыған қарамастан шекаралар, олардың қатарында Брест қорғаушылары алғашқы ұрыстың өзінде теңдесі жоқ ерлік көрсетті. Брестті қорғаушылар қатарында шекаралар Г.Абдрахманов пен В.Лобанов, атқыштар В.Горенов пен К.Иманқұлов, пулеметші Е.Каганов, зеңбірекші Ғ.Жұматов, минометші В.Фурсов және басқа қазақстандықтар болды. Қазақстандықтар Лиепая, Перемышль, Саарема аралы, Минск, Одесса мен Севастополь үшін шайқасты.

Жауынгерлерінің табандылығы мен ерлігіне қарамастан Кеңес әскерлері шығысқа қарай шегінді. Соғыстың алғашқы айларында кеңес әскерлерінің ауыр жеңіліске ұшырауының басты себебі жаудың басымдығы болды. Бүкіл шетелдік Еуропаның экономикасы Германияға жұмыс істеді, ол батыстағы жедел жеңістердің барысында соғысты жүргізудің соңғы тәжірибесін жинақтады және өздерінің жеңілмейтіндігіне солдаттары мен офицерлерін сендірді. Сонымен бірге сталиннің және оның төңірегіндегілердің жіберген қателіктері де өз әсерін тигізді. Олар Англияны талқандамайынша және Кеңестер Одағының жолсыз жерлері мен қатал қысына дайындықты аяқтамайынша Германия соғыс аша алмайды деп есептеді. Сотыс басталғанға дейін 1937-1938 жылдары жазалаудан кейін жауынгерлік даярлығы мен кеңес әскері қайта құрылып, қатары толықтырылып және қаруландырылып болмаған еді. Ол жөнінде 1959 ж. Ыстамбұлда доктор Тапир Шағатай жариялаған «Мұстафа Шоқайдың

соңғы жазбаларынан бір нұсқа» атты еңбекте: «1941 ж. тікелей өзім аралаған лагерлерде көбісі оннан тоғызы қолына қару ұстап көрмегендер, бірнеше апта бұрын ғана әскерге алынғандар. Түркістандық қызыл әскерлердің қалың тобы әскерде ат айдаушы, ат бағушы, аспаз, қора сыпырушы секілді төменгі қызметтерде болған. Ортақ тіл – орыс тілі. Көбісі орыс тілін білмейді. Шұғыл түрде жинап майданға жіберілген оқытушылар, студенттер, дәрігерлер...» деген мәлімет бар. Сондай-ақ 1942 жылдың мамыр айында Харьков түбінде толығынан дерлік жойылып кеткен қазақстандық 106-ншы атты әскер дивизиясының құрамындағы 4091 жауынгердің қолында бар болғаны 102 винтовка, басты қаруы қылыш болған. Осылардың салдарынан кеңес әскерлері соғыстың алғашқы кезеңінде ауыр жеңіліске ұшырап, адам күші мен техникасы жөнінен көп шығынға батты. Тек жоғарыда аталған Харьков түбінде қоршауда қалған 3-інші армияның құрамындағы жауынгерлердің 300 мыңнан астамы қаза тапқан, 25 мыңнан астамы тұтқынға түскен, тек 22 мыңдайы ғана аман қалған. Тұтқынға түскендер кейін 58-інші статьямен жауапқа тартылған болатын. Қазақстанда жасақталған әскери бөлімдер соғыстың алғашқы күндерінен бастап жаумен ерлікпен шайқасты. 1945 жыл тамызда алғаш майданға аттанған ақмолалық 310-ыншы атқыштар, ақтөбелік 312-нші, петропавлдық, 314-інші және алматылық 316-ншы дивизиялары 52-нші жеке армияның құрамында Солтүстік Батыс майданының тылдарында Волхов өзенінің шығыс жағында қорғаныс шептерін салуға кіріседі.

Қыркүйек айында немістердің Ладога көлінің оңтүстік жағасына және Германияның одақтасы финдердің Свирь өзенінің орталық өңіріне шығу қаупіне байланысты 310-ыншы және 314-інші дивизиялар Ленинградты қорғауға, ал Мәскеу бағытында аса қауіпті жағдай орнаған кезде 312-нші және 316-ншы дивизиялар сонда жіберілді. «Полковник А.Ф. Наумов басқарған ақтөбелік дивизияға Малоярославецті, генерал-майор И.В. Панфилов басқарған алматылық 316-ншы атқыштар дивизиясына Волоколамск бағытын қорғау тапсырылады. Мәскеуді қорғауға олардан өзге 1941 ж. Семей мен Алматы қалаларында жасақталған полковник Г.П. Коротковтың 238-інші дивизиясы Мәскеу қорғаныс аймағы әскерлерінің құрамында тағы да қазақстандықполковник Д.А. Коваленконың 391-інші атқыштар дивизиясы, Алматыда жасақталған полковник В.Г. Познектің 39-ыншы курсанттық атқыштар бригадасы, 1-ранг капитаны К.Д. Сухлашвилидің қазалық 75-інші әскери атқыштар бригадасы қатысты.

Мәскеу түбіндегі шайқаста қазақстандықтар үлкен құрметке ие болды. Мәскеу бағытындағы негізгі жолдардың бірі – Волоколамск тас жолын

Ұлы Жеңіске 80 жыл: ерлік пен өшпес даңқ

ЕСКЕ АЛУ УАҚЫТЫ..
ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 80 ЖЫЛ!




қорғауды 316-ншы атқыштар дивизиясы қысқа уақыт ішінде жаудың танк, моторлы және екі жаяу әскер дивизиясын талқандады. 1941 ж. 17 қарашада дивизияға 8-інші гвардиялық деген атақ беріліп, кейінірек Қызыл Ту, Ленин ордендерімен марапатталды. Волоколамск түбінде үлкен ерлік көрсетіп, қаза тапқан дивизия командирі И.В. Панфиловқа Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Дивизия құрамындағы аға лейтенант Б.Момышұлы Мәскеу түбіндегі шайқаста өз батальонымен жау қоршауын үш рет бұзып шықты. Соғысты Б. Момышұлы полковник лауазымымен, 9-ыншы гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болып жүріп аяқтады. Белгілі орыс жазушысы А. Бектің «Волоколамское шоссе» повесі Б. Момышұлының ерлігіне арналған. Бірақ та Б. Момышұлының соғыс жылдарындағы ерлігі өз дәрежесінде мойындалмай, тек 1990 ж. 11 желтоқсанда еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың тікелей араласуымен оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

очерктің сол тұстағы кеңес әскерінің рухын көтеру мақсатында жазылғандығын негізге алып, бұл оқиғаны басып тастаған. Мәскеу түбіндегі шайқастарда 316-дивизияның саяси жетекшісі, кейіннен Кеңес Одағының батыры атанған М. Ғабдуллин, Б. Жетпісбаев, Т. Тоқтаров, Р. Жанғозин, Р. Елебаев және т.б. қазақстандықтар асқан ерлік танытты. Қараша айының ортасында Серпухов ауданының Воронеж селосының түбіндегі ұрыста 238-атқыштар дивизиясының қатардағы жауынгері, халық батыры Амангелді Имановтың баласы Рамазан Амангелдиев ерлікпен қаза тапты. Мәскеуді басып алу жоспары жүзеге аспағаннан кейін 1942 жылы Германия жаңа Сталинград пен Кавказды басып алуға бағытталған жаңа жоспар жасайды.

Бұл операция «Блау» деп аталып, оған үлкен мән беріледі. Өйткені фашистерге басып алған мемлекеттер территориясынан мұнай тасу қолайсыз болғандықтан, Кавказ мұнайына үміт артты. Екінші бір себеп – фашистер Кеңес Одағының Қара теңізіндегі порттарын басып алып, одақтастары –

стандық 292-нші атқыштар дивизиясы ретінде қайта құрылған 74-інші Аралдың атқыштар бригадасы, 387-інші атқыштар дивизиясы, кейінгі 72 гвардиялық дивизия, кейінгі 3-інші гвардиялық атқыштар бригадасы болған 75-інші атқыштар, 129-ыншы миномет полкі мен 196-ыншы жеке көпір құрылысы батальоны қатысты. Олардың ішіндегі тек 3-інші атқыштар бригадасы Сталинград түбіндегі шайқаста 5 мың фашисті жойып, 3 мың офицер мен жауынгерін тұтқынға алады. 1942 жылдың 19 желтоқсанында Боковская-Пономаревка ауданында болған әуе шайқасында қарағандылық ұшқыш Нүркен Әбдіров өзінің оқ тиіп өртенген ұшағын жау танктері шоғырланған жерге бағыттап, экипажымен бірге ерлікпен қаза тапты. Н.Әбдіров, минометші К.Сыпатаев пен Р.Рамазанов Сталинградты қорғаудағы ерліктері үшін Кеңестер Одағының батыры атағына ие болды. Бірнеше айға созылған Сталинград шайқасы 1943 жылдың басында жаудың жеңілуімен аяқталып, соғыста түбегейлі бетбұрыс кезеңі басталады. Еуропада ұлт-азаттық кү-



Рота санындағы 140 жауынгерден 20-25-і ғана тірі қалады. Кейінірек 1942 ж. 22 қаңтарда «Красная Звезда» газетінің бетінде жарияланған қияли журналистік очерктің негізінде олардың 28-іне Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. Шындығында, мерт болғандардың саны 100-ден асатындығы, барлығы бірдей қайтыс болды деп саналатын 28-дің алтауының тірі қалғандығы, тіпті, оның екеуінің соғыстан кейін лагерде жазасын өткендігі 1966 жылы ашылған болатын. Бірақ та кеңестік билік

Англия, АҚШ-пен байланысты үзуді көздеді. Оның үстіне Сталинград қорғаныс өнеркәсіптері көп шоғырланған шикізат көзіне бай орталық болды.

Жау 1942 жылдың шілде айында Сталинград бағытына 42 дивизия, тамызда 69, ал қыркүйекте 81 дивизия аттандырды. Күш тең болмады. Өйткені кеңестік қолбасшылар жау шабуылын Мәскеу бағытында күтіп, негізгі әскери күштерді осы бағытқа шоғырландырған болатын.

Сталинград бағытындағы шайқастарға қазақ-

рес күшейді.

1943 жылдың жазында фашистер жаңа операция жоспарлады. Бұл операцияға «Цитадель» деген ат беріп, жан-жақты дайындалды. Германия бұл операцияның сәтті аяқталуына бар күшін салып, одақтастарын сақтап қалуға тартты. «Цитадель» операциясына фашистер 900.000 әскер қатыстыруды жоспарлады. Шайқасқа іріктелген фашистік дивизиялар: «Рейх», «Ұлы Германия», «Викинг», «Адольф Гитлер» және т.б., барлық танктер-



Ұлы Жеңіске 80 жыл: ерлік пен өшпес даңқ

дің 70 %-ы, ұшақтардың 65 %-ы тартылды. Курск шайқасына қазақстандық 8-інші, 72-нші, 73-інші гвардиялық атқыштар дивизиялары қатысты. 5-інші шілдеде басталған жау шабуылы 12-нші шілдеде нәтижесіз аяқталып, 12 шілдеде кеңес әскері қарсы шабуылға шығып, 5 тамызда Орел мен Белгородты, 23 тамызда Харьковты азат етумен Курск шайқасы аяқталды. Курск түбіндегі жеңіс кеңес әскерінің Днепр өзенін өтудегі шабуылына ұласты. Осы шайқастардағы ерлігі үшін 123 қазақстандық жауынгер Кеңестер Одағы батыры атағын иемденді. Олардың қатарында 8-інші атқыштар дивизиясының жауынгерлерін айрықша атауға болады. Бұл дивизияның командирі полковник Гудзь бастаған 46 жауынгері мен офицеріне осы атақ берілді.

Курск жеріндегі шайқаста кеңестік әскердің әскери-әуе күштері әуеде үстемдікке ие болды. Оған қазақстандық ұшқыштар да лайықты үлес қосты, олардың ішінен Т.Ж. Бигелдинов пен С.Д. Луганскийдің ерлігін ерекше атауға болады. Днепрдегі жеңіспен 1943 ж. жазғы-күзгі науқан аяқталады. Осы шайқастардың барысында басқыншылар 1,4 млн адамынан айырылып, Ресей Федерациясының орталық аудандары, Украинаның астанасы Киев пен оның солтүстігі жаудан азат етілді. 1944 жылдан неміс-фашист басқыншыларын кеңестер елінен толық қуу және Шығыс Еуропаны азат ету жорығы басталады.

1944 ж. Ленинград қаласы қоршаудан босатылады. Ленинград майданындағы шайқастарға қазақстандық 314, 310, 391-інші атқыштар дивизиялары және 30-ыншы, 8-інші гвардиялық атқыштар дивизиялары және т.б. қатысты. Ленинград пен Ресей Федерациясының солтүстік-батыс аймақтарын жаудан босату ұрыстарында көптеген қазақстандықтар нағыз қаһармандық ерлік көрсетті. Олардың қатарында Новоскольникови түбіндегі ұрыстарды 6 ай басқарған 184-інші жеке гвардиялық миномет дивизиясындағы М-13 «Катюшалар» бригадасы, 7 қаңтарда шабуылға дайындалып, теміржол торабының бойына шоғырланған жау әскерінің 467-сінің көзін жойып, үлкен көмек көрсетті. Қазақ қыздары да ер азаматтармен бірдей соғыс зардабын көтерді. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап майданға сұранып, әскери комиссариаттарға хат жазған қазақстандық қыздар көп болды. Мысалы, Қарағандының әскери комиссариатынан майданға сұранып өтініш жазған арулар саны 10 мыңнан асса, Семей қаласы бойынша соғыстың алғашқы күндерінде 3 мың өтініш түскен. Майданға аттанған әйелдер мен қыздардың көбі медсанбаттар мен госпитальдарда борышын өтеген. Қолдарына қару алып, майданға аттанған қазақ қыздарының қатарында 1943 ж. қазанда Невельдің солтүстігінде жау оғынан мерт болған пулеметші М. Мәметова және 1944 жылы 14 қаңтарда Новоскольникови ауданының Казачиха деревнясының түбінде қоян-қолтық аяқаста қаза тапқан Әлия Молдағұлова Қазақстан даңқын әлемге паш етті. Шығыс Еуропаны азат етуге де қазақстан-

дықтар өз үлесін қосты. Шығыс Пруссия территориясын азат етуде көрсеткен ерліктері үшін 20 қазақстандық жауынгер Кеңестер Одағының Батыры атағын алды. Олардың қатарында В.А. Андреев, Л.И. Беда, П.Т. Брилин, Т.К. Абилов, В.Г. Козенков, И.И. Корнов, И.В. Кутура және т.б. болды.

Словакия территориясын азат етуге 4-інші Украина майданы құрамында қазақстандық 8-інші атқыштар дивизиясы қатысты. Майданда көрсеткен ерліктері үшін 8-інші атқыштар дивизиясының құрамындағы 62-нші артиллериялық Карпат полкі Қызыл Ту, 151-інші Карпат полкі 3-інші дәрежелі Кутузов, 310-ыншы атқыштар полкі 3-інші дәрежелі Суворов ордендерімен марапатталды. 72-нші және 73-інші гвардиялық атқыштар дивизиялары Венгрия, Оңтүстік Чехия, Австрия территорияларын жаудан азат етуге қатысты. Австрия астанасын азат етуде Алматылық М.А.Пупков Кеңестер Одағы Батыры атағын алды. Сонымен қатар Австрияны азат етуші 105-інші гвардиялық дивизия жауынгерлері А. Мудрагель, Г. Сливных және Ж. Аминов өз ерліктерімен көзге түсті. Прага операциясына 118, 88, 314, 8-інші атқыштар, 72-нші гвардиялық атқыштар дивизиясы қатысып, бұл операцияны жүзеге асыруда 992-нші Алматылық авиация полкі асқан ерлік көрсетті. Бұл полк 2-нші дәрежелі Б. Хмельницкий және 3-інші дәрежелі Суворов ордендерімен үш мәрте марапатталды. Полк жауға 7642 рет шабуыл жасап, 816 бомба тастап, 3 ұшақты, 19 зенитті батареяны, 1000 автомашина, 2 көпірді және т.б. жойды. Прага операциясы барысында 52-нші армия құрамындағы Алматылық 556-ншы эскадрилия өз ерлігімен көзге түсті. Ол жауға 4050 шабуыл жасап, 2350 мәрте жау территориясын бомбалаған. Құрамындағы 14 адамның 10-ы үкімет тарапынан марапатталды.

Чехословакия жерін азат етуде қазақстандық ұшқыштар 2, 5, 8-інші әуе армиясының бөлімдерінде жаумен шайқасты. Шайқастағы ерліктері үшін С.А.Батеньков пен П.Ф.Железняков соғыстан кейін Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Ұшқыштар Т.Ж. Бигельдинов, И. Павлов, С.Д. Луганский және Л.И. Беда, Рақымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов Батыры 2 мәрте Кеңес Одағының атағын иеленді. Берлин операциясына қазақстандық 118-інші, 313-інші атқыштар дивизиялары және 209-ыншы атқыштар полкі қатысты. Берлин ратушасын алуда 118-інші атқыштар дивизиясының взвод лейтенанты К. Маденов, ал көше шайқастарында И.Б. Мадин, Рейхстагқа ту тігуде Р. Қошқарбаев ерлік танытты.

Берлин операциясында 27 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Неміс-фашист басқыншыларын талқандауда жау тылындағы партизандық қозғалысының кеңінен етек алуы кеңес әскеріне үлкен көмек болды. 1941 ж. КСРО ОАК мен БК(б)П ОК-нің 1941 ж. 29 маусымдағы қарарында жау басып алған өңірде партизан отрядтарын құру қарастырылды.

Осы жылдың 18 шілдесінде БК(б)П ОК «Гер



мания әскерімен тылында күрес ұйымдастыру» туралы қаулы қабылдап, партизан қозғалысын ұйымдастырды. 1941 жылдың жазынан бастап жау тылында ұйымдастырыла бастаған партизан отрядтарындағы жауынгерлердің саны 1943 жылдың соңында 1 миллионға жетті. 1942 жылдың мамырында Кеңес әскерімен партизан қозғалысының ұштасуын қадағалайтын орталық, кейінірек республикалық және облыстық партизан қозғалысы штаттары құрылды.

Солақай саясат салдарынан Сталинград түбіндегі шайқаста ерлікпен қаза тапқан лейтенант А.Наумовтың КВ танк экипажына Кеңестер Одағының батыры атағы берілгенде экипаж мүшесі Ақмола өңірінің түлегі Ганус Феодосия Григорьевичке ұлты неміс болғандықтан, батыр атағы берілмеген. Бұл қателік 1996 ж. 19 маусымда Ресей президентінің жарлығымен түзетілді. Кеш те болса, әділет салтанат құрып, тәуелсіздік тұсында жау тылындағы ерлігі үшін Қасым Қайсеновке және 1945 ж. жау ұясы Рейхстагқа алғашқылардың бірі болып жеңіс туын тіккен взвод командирі Рақымжан Қошқарбаевқа ҚР президентінің жарлығымен Қазақстанның Халық Қаһарманы атағы берілді. Бұл тізімді 2004 жылы желтоқсанда Мәскеу түбінен бастап, Солтүстік Кавказ, Кубань, Қырым, Украина, Белоруссия, Польша және Германия көгінде 300-ден астам рет ұшып, нақты нысаналарға бомба тастап, неміс-фашист басқыншыларына орасан зор шығын келтірген қазақ қызы Хиуаз Доспанова толықтырды. Жеңістің 80 жылдығының қарсаңындағы Аманат партиясының қайта сараптаушылық жұмысының барысында қазақстандық батырлардың саны 530-ден астам деп есептеліп отыр. Осы мақаланың маңызды тарихи оқиғалармен тікелей байланыстырып отырғанымыз құнды тарихи деректердің бірі деп есептейміз.

Ата-бабаларымыздың қасық қаны қалғанша соғысып осы бізге қалдырған бейбіт өміріне ризашылығымызды білдіреміз де еңбегімізді елі мен жерін фашистік басқыншылардан қорғап қалған аталарымыз бен апаларымыздың ерлігіне арнаймыз. Ұлы жеңістің 80 жылдығы – бұл батырларды еске түсіруге ғана емес, оның сабақтарын түсінуге мүмкіндік береді. Тарих көрсеткендей, өткен трагедиялар қайталанбауы керек, демек, біз сол оқиғаларды жаңа ұрпаққа есте сақтауға, тарихи шындықты нығайтуға және оны бұрмалау әрекеттеріне қарсы тұруға міндеттіміз. Қаза тапқандарды еске алып, аз қалған ардагерлерге алғыс айтамыз.

Жастар психологиясын қызықтырудың жолдары

**ПСИХОЛОГ
МАМАНДАРҒА
ӘДІСТЕМЕ**



Жастар – ел дамуының, мемлекет болашағының стратегиялық ресурсы, бүгінгі мен ертеңнің қозғаушы күші. Сол үшін жастарға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілсе, болашақтың ісінен ақсамас едік. Елімізде бірнеше жылдан бері жастарды қолдау, оларға кәсіби білім беру, жұмыспен қамту сияқты мәселелерді шешуге бағытталған әртүрлі бағдарламалар қабылдануда. Қазіргі таңда жастардың психологиялық қызықтыру ең маңызды мәселеге айналып отыр. Жаһандану, технологияның жедел дамуы, әлеуметтік қысым мен жоғары бәсекелестік жағдайында жастар жиі күйзеліс, мазасыздық, депрессия секілді қиындықтарға тап болады. Осындай жағдайларда олардың психологиясын қызықтыру – қоғамның басты міндеттерінің бірі.

Мамандардың айтуынша, көп жағдайда түлектерде мамандық бойынша тәжірибе болмағандықтан, жұмысқа орналаса алмайды. Ал «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы еліміздің 29 жасқа дейінгі жұмыссыз жастарын қолдауға арналған. Ел болашағы жастардың қолында: олардың еңбекқорлығына, талап-мұратына, арман-мақсатына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып қалған құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті. Жастардың тағдыр-талайы мен болашағына елдегі белгілі әлеуметтік топ ретінде емес, оларға мемлекеттің болашағы, ұлттың тағдыры, елдің ертеңгі иесі ретінде қарағанда ғана ұлт құндылығын ұлықтай аламыз.

Жастардың психологиялық қызығушылығына кеңірек әсер ететін факторлар:

Әлеуметтік желілердің ықпалы

1. Әлеуметтік желілерде үнемі «идеалды өмір» бейнеленіп, жастарды басқалармен салыстыруға итермелейді. Бұл олардың өзін-өзі бағалауына, сенімділігіне және эмоциялық тұрақтылығына кері әсер етеді.
2. Білім және мансап қысымы. Көптеген жастар өздерінің болашағы үшін үлкен жауапкершілік сезінеді. Жоғары оқу орындарына түсу, жақсы жұмыс табу сияқты мәселелер олардың мазасыздығын арттырады.
3. Қаржылық қиындықтар. Жастардың экономикалық тәуелсіздікке ұмтылысы, жоғары өмір сүру стандарттарына сай болуға деген талпынысы кейде стресс пен күйзеліске әкеледі.
4. Жаңылық және қоғамдық қолдаудың аздығы.

Қазіргі заманда жастардың өз ой-пікірлерін еркін айтуына немесе қолдау іздеуіне мүмкіндік аз. Бұл ішкі жан дүниесінде жалғыздық сезімін тудырады.

Психологиялық саулықты нығайту жолдары

1. Эмоциялық сауаттылықты арттыру. Жастарға өз эмоцияларын түсініп, оларды басқаруға үйрету маңызды. Бұл үшін мектептерде, жоғары оқу орындарында психологиялық сауаттылық курстарын енгізу қажет. Эмоциялық сауаттылық адамдардың стресс жағдайында дұрыс шешім қабылдауына көмектеседі.
2. Психологиялық көмекке қолжетімділікті арттыру. Көптеген жастар психологиялық көмекке мұқтаж болғанымен, ол туралы айтуға қысылады немесе қолжетімділік болмағандықтан көмекке жүгінбейді. Осы мәселені шешу үшін тегін немесе арзан психолог қызметтерін ұсыну, мектептер мен университеттерде психолог кабинеттерін ашу керек.
3. Дене белсенділігі мен дұрыс өмір салтын қалыптас-тыру. Физикалық белсенділік – психологиялық саулық-

**Тәңірберген Айман Әбілқызы, педагог-психолог
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжі**



тың ажырамас бөлігі. Спортпен айналысу стресс деңгейін төмендетіп, көңіл-күйді жақсартады. Сонымен қатар, дұрыс тамақтану мен ұйқының жеткілікті болуы да маңызды.

4. Қоғамдық қолдау жүйесін нығайту. Отбасы, достар және қоғам тарапынан қолдау көрсету – жастар үшін психологиялық тұрақтылықтың негізі. Әңгімелесу, бір-бірін түсіну және қолдау көрсету арқылы жастардың өздерін жалғыз сезінбеуіне көмектесуге болады.

5. Әлеуметтік желілердегі ақпаратты сүзу. Әлеуметтік желілердегі жағымсыз ақпараттар мен жалған өмір бейнелерінен қорғану үшін жастарға медиа сауаттылықты үйрету қажет. Оларға өз өмірін басқалармен салыстырмай, шынайы құндылықтарды бағалауға бағыт беру керек.

Жастардың психологиялық саулығын нығайту – тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның міндеті. Мемлекеттік деңгейде жастарға психологиялық көмек көрсету бағдарламаларын іске асыру, сонымен қатар әлеуметтік жобалар арқылы олардың өзін-өзі дамытуына жағдай жасау қажет.

Жастар – кез келген қоғамның болашағы. Олардың психологиялық саулығын қорғау арқылы біз рухани бай, тұрақты қоғам құра аламыз. Бұл үшін әрбір адам, ата-ана, педагог және мемлекет жастарға қолдау көрсетіп, олардың ішкі жан дүниесіне мән беруі тиіс. Психологиялық саулық – бұл тек денсаулықтың кепілі ғана емес, сонымен қатар өмірдің сапасын арттыратын басты құндылық.

Сондықтан, қоғамдағы жастардың рөлі – ерекше маңызға ие. Олардың тәрбиесі, білімі, руханияты әлбетте баршаны қызықтыруы тиіс. Себебі, бала тәрбиесіне уақытында назар аудармаса, уақыт өте келе, дұрыс тәрбие алмаған бала өз зиянын тигізери сөзсіз. Қазақтың ұлы ойшылы Жүсіп Баласағұн: "Тәртіп көрген адам бала күнінде, өнерімен қуандырар түбінде" – дегенді осындай тұжырымда айтса керек. Кішкентайында тәрбие алмаған баланы, өскеннен кейін тәрбиелеу қиын шаруа. Халықта "Ағаш түзу өсу үшін, оған көшет кезінде көмектесуге болады. Ал үлкен ағаш болғанда, оны түзете алмайсың," - деп бекер айтылмаған.

Жастар денсаулық орталықтарына жүгінулерді талдау барысында нысаналы топ өкілдері бірінші кезекте психологқа – 269 428 (32,1%), гинекологқа – 161 025 (19,2%), дерматовенерологқа – 64884 (7,7%), урологқа (7,7%), әлеуметтік қызметкерге – 47787 (5,7%), терапевт – 96278 (11,5%), педиатр – 58656 (7,0%), заңгер – 5902 (0,7%) жүгінген.

Педиатрға жүгінудің ең аз саны – 58656 (7,0%), заңгерлік кеңеске 5902 (0,7%) жасөспірімдер мен жастар жүгінген.

Жалпы республика бойынша өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау және нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмысты күшейту мақсатында ЖДО мамандары 2024 жылдың соңына қарай 113 538 іс-шара өткізіп, барлығы 1 025 928 адамды қамтыды. Оның ішінде 8585 семинар-тренингтер, жарнамалық акциялар – 1213, дөңгелек үстелдер – 2288, конференциялар – 967, денсаулық мектептеріндегі сабақтар – 7369, ашық есік күндері – 1228, ата-аналар жиналысы – 1091, диспуттар, диспуттар, кездесулер – 334 кеңестер, 180287, жасөспірімдер мен жасөспірімдер арасындағы жарыстар – 285, спорттық іс-шаралар – 599, интерактивті тренингтер – 1578, қашықтықтан кеңес беру – 808, басқа іс-шаралар – 3951.

118 581 іс-шара ұйымдастырылды, оның ішінде: 165 441 жергілікті арналарда, LED мониторларында, қоғамдық көлікте, қоғамдық орындарда, алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында, білім беру саласында телебағдарламалар, бейнероликтер, аудиороликтер көрсетілді, 537 – сыртқы жарнамалар, 2057 – баспа басылымдарында жарияланымдар, 12423 – МСАК сайттары мен әлеуметтік желілерде ақпарат орналастырылды.

Таратылған ақпараттық-коммуникациялық материалдар саны – 616 668 дана, оның ішінде инфографиялық буклеттер – 209 341 дана, плакаттар – 13 758 дана, парақшалар – 227 435 дана, брошюралар – 139 336 дана, көрмелер, стендтер, сауна бұрыштары, сауықтыру бюллетендері – 4041, т. б. Елімізде 12 тамыз – Халықаралық жастар күні. Ал жас буынды қолдау – мемлекет саясатының бір тармағы. Бұл орайда 14 пен 35 жас аралығындағы азаматтардың табысты әлеуметтенуі және түрлі шешімді қабылдауға толық қатысуы, рухани, мәдени, білім беру, кәсіби және физикалық тұрғыдан толыққанды дамуы үшін барлық қажетті жағдайды жасау маңызды рөл атқарады.

Жастардың тағы бір уайымы – баспана. Өйткені бұл заманда үй алу мен үй салудың машақаты олардың бас ауруына айналды. Талай жастар қаржы жетіспей қиналып, ащы суды ұрттап, қылмысқа да салынып, айырылысып та жатыр. Яғни бір проблеманың ізінше туындап жатқан мәселелер жетерлік. Статистикалық деректерді бағдарласақ, қазақ жастарының тек 18 пайызында жекеменшік үй бар. Елдегі әр төртінші жас жалдамалы пәтерлерді паналап жүр. Ал 52%-ы ата-анасымен бірге тұрады.



Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік яғни адамгершілік сияқты құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен педагог мамандар шешуші рөл атқаратыны белгілі. Отбасында ата-ана, ал мектепте оқытушы, психолог мамандары баланың тәрбиесіне үлкен маңыздылықпен қарауы керек. Жастарды болашақта жақсы адам етіп тәрбиелеу үшін, олардың ой-пікірін, психологиясын түсінуге тырысу керек. Сол кезде ғана баланың өз-өзіне деген сенімі және айналасындағы жандарға деген сенімі арта түседі. Жастарға қажетті ең басты үш нәрсе бар.

Жалғасы келесі бетте

ПСИХОЛОГ
МАМАНДАРҒА
ӘДІСТЕМЕ




Жастар психологиясын қызықтырудың жолдары

Тәңірберген Айман Әбілқызы, педагог-психолог. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжі

Олар: жақсы тәрбие, кемел білім және адал еңбек. Болашақ ұрпаққа тәлімі мол тәрбие беру үшін осы үшеуін ұстану жеткілікті. Ертеңіміздің айбынды азаматтары болу үшін, әрбір жас ұрпақ – әрі тәрбиелі, әрі білімді, әрі өнерлі болады деген сенімдеміз. Сонда ғана, оларды болашақтың кепілді азаматтары дей аламыз. Біздің келешегіміз бүгінгі жас ұрпақ, ал жас ұрпақ тағдыры олардың бойына тәрбие мен білім нәрін себуші ұстаз қолында.

Жалпы, жастарды қолдағанымыз жақсы, десек те, мен үйрену, баулу дұрысырақ дер едім. Өйткені қолдау инфантилизмнің, масылдықтың пайда болуына түрткі болуы мүмкін. Ал жастарға белгілі бір дағдыларды беру, еңбекке баулу олардың азаматтық белсенділігін, жауапкершілігін оятады. Ал мемлекет саясаты туралы ақпаратты дұрыс тарату жергілікті жастар ұйымдары, билік органдарының құзыретінде. Яғни аймақтық деңгейде мемлекеттік жастар саясаты аясында жүзеге асатын жобалар мен бағдарламалар туралы белсенді жұмыстар атқарылуы керек. Егер жергілікті жерлерде, аймақтарда мұндай жұмыс жүргізілмесе, жастардың нақты қажеттіліктері мен сауалдары жауапсыз қала береді. Бұл тұйық шеңбер іспеттес, наразылық пен қанағатсыздықты өршіте береді, – дейді әлеуметтанушы Рамазан Салықжанов.

Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан қындылық-



тарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті. Қорыта айтсақ, ұлттың кемел келешегі үшін бүгінгі жас ұрпаққа артылар үміт пен жауапкершілік жоғары. Сондықтан жастардан шынайы патриоттыққа негізделген

білім мен біліктілік, креативтілік талап етіледі. Ал мемлекет осы санаттағы азаматтарды қолдап, жастар саясатын жүйелі жүзеге асырса, еліміздің іргетасы мықты қаланатынына сенім бар.

Сондықтан да, білімді де білікті оқытушыларымыз аман болсын дейміз!!!



КАЛЕНДАРЬ

Сколько дней казахстанцы
будут отдыхать в мае

Май						
пн	вт	ср	чт	пт	сб	вс
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30	31	

В мае в Казахстане отмечают сразу три праздника, поэтому жителей страны ждут дополнительные длинные выходные.

Так, 1 мая казахстанцы празднуют День единства народа Казахстана. В этом году праздник выпадает на четверг, поэтому предусмотрен лишь один выходной — 1 мая. 2 мая — пятница — рабочий день.

7 мая страна отмечает День защитника Отечества, а 9 мая — День Победы. В связи с первым праздником, согласно календарю праздников, казахстанцы будут отдыхать лишь один день — 7 мая, в среду. 8 мая указано рабочим днем.

В честь Дня Победы пятница, 9 мая, будет праздничным выходным, а 10 и 11 мая — обычными выходными днями. 12 мая, понедельник, — рабочий день.

Соответственно, дополнительными выходными в мае будут 1 мая, 7 мая и 9 мая.

А КАК У СОСЕДЕЙ?

В Минцифры обсуждают

введение нового предмета в ЕГЭ

Им может стать совмещенный экзамен по физике и информатике.

В Минцифры РФ обсуждают возможность включения нового предмета в ЕГЭ. Им может стать совмещенный экзамен по физике и информатике для абитуриентов, поступающих на технические и IT-специальности, пишет «Парламентская газета».

В ведомстве считают, что это поможет улучшить качество подготовки специалистов IT.

По словам главы ведомства Максима Шадаева, сейчас при поступлении в вуз на технические и IT-специальности абитуриенты все чаще выбирают информатику как более легкий предмет. При этом без знаний области физики сложно стать грамотным специалистом в сфере IT.

«Предметы не должны конкурировать, поэтому наше видение — должен быть некий интегрированный экзамен», — заявил глава Минцифры.

Введение его в расписание ЕГЭ уже обсуждается с Министерством образования. По данным Рособрнадзора, в 2025 году у выпускников школ вырос интерес к химии и профильной математике при сдаче ЕГЭ. Однако самыми популярными предметами ЕГЭ остаются обществознание и информатика.

В 2020 году Минобрнауки разрешило абитуриентам самостоятельно выбирать, какой предмет сдавать для поступления на технические направления — физику или информатику. После этого у школьников резко упал интерес к физике.



«Қаржылық сауаттылық» айдары

Тақырып 10-11.

ИНВЕСТИЦИЯЛАУ: ТҮСІНІГІ, ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРІ



Қытайша жазылған «дағдарыс» сөзі екі иероглифтен тұрады: оның біреуі «қауіп-қатерді» білдірсе, ал екіншісі - «қолайлы мүмкіндік» дегенді көрсетеді.

Джон Кеннеди, АҚШ-тың 35-ші президенті, 1961-1963 жж.

Жоспар:

1. Инвестициялау түсінігі.
2. Инвестицияның түрлері және үлгілері
3. Инвестицияның қызметтері

1. Инвестициялау түсінігі.

Инвестиция – Қазақстан экономикасының нарықтық экономикаға өтуі кезінде пайда болған жаңа ұғымдардың бірі. Орталықтандырылған жоспарлау жүйесінің шеңберінде «жалпы капиталдық салымдар» деген түсінік қолданылатын.

Бұл ұғым бойынша жаңа құрылыс пен қайта өңдеуге, шаруашылық жүргізіп отырған кәсіпорындарының кеңеюі мен техникалық қайта қамтамасыздандырылуына (өндірістік капиталдық салымдар), тұрғын үй мен тұрмыстық-мәдени құрылысқа (өндірістік емес капиталдық салымдар) жұмсалатын барлық қаржылық құралдардың жиынтығы түсіндірілетін.

Инвестициялар ақша құралдары, мақсатты банктік салымдар, пайлар, акциялар және де басқа құнды қағаздар, технологиялар, машиналар, қондырғылар, лицензиялар, соның ішінде тауар белгісіне, пайда табу мақсатында кәсіпкерлік қызмет объектісіне салынатын интеллектуалды құндылықтар, несиелер кез келген мүлік немесе мүліктік құқықтар ретінде анықталады және осының бәрі – пайда табу мен әлеуметтік жақсы әсерлерге жету мақсатында жұмсалады. Осы тұрғыдан «инвестиция» ұғымы нарықтық тәсілдерге едәуір жақын келеді.

Келтірілген анықтамалар нарықтық және жоспарлық жүйелерде инвестицияның мәнін түсінудегі айырмашылықты көрсетеді. Ресурстардың бөлінуі әкімшілік жүйесі жағдайында меншіктің бір түрімен жүзеге асатындықтан, инвестицияландырудың қаржылық және басқа түрлерінің бар екендігін отандық экономикалық ғылым қарастырмады.

Жоспарлық экономика жағдайында инвестициялар ағымдағы шығындардың тек бір уақыттық сипатымен ғана айырықшаланатын залал түрінде көрінеді. Экономика ғылымы мен тәжірибесі дәлелдеп отырғандай, капиталдық салымдар инвестицияның синонимі болып табылмайды, берілген ұғымдар егіз қозыдай ұқсас емес.

Капиталдық салымдарға қарағанда «инвестиция» ұғымы әлдеқайда кең. Батыс әдебиеттерінде қор және қаржы нарықтарын зерттеуге баса назар аударады. Себебі, нарықтық экономикасы дамыған елдерде (АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Жапония және т.б.) инвестицияландыру көпшілігінен бағалы қағаздар арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі таңда отандық тәжірибеде екі ұғым да қатар қолданылады.

«Инвестиция» ұғымы латынның «investire» - «жұмылдыру» сөзінен алынған. Бұл термин (ұғым) ғылыми және публицистикалық әдебиеттерде кеңінен қолданылады.

Жармаханбетов
Нурали
Сейдалиевич,
айдар жетекшісі,
«Қаржылық сауаттылық
негіздері» оқулығының
авторы



Ғылыми әдебиеттерде инвестицияны анықтаудың әр түрлі тәсілдері бар. Пол Самуэльсон инвестицияландыру туралы былай жазады: «Біз қоғамның нақты капиталының таза өсімін білдіретін нәрселерді (ғимараттар, қондырғылар, өндірістік-материалдық қорлар және т.б.) «таза инвестицияландыру» немесе «капитал қалыптасуы» деп атаймыз. Тұрғындар үшін жерді, қолданыста жүрген құнды қағаздарды немесе меншіктің кез келген түрін сатып алу инвестицияландыру болып табылады. Экономистер үшін бұл тек таза трансферттік операциялар».

У. Шарп инвестицияны былайша анықтайды: «Нақты инвестицияларға әдетте қандай да бір материалдық-көрнекті активтер түріне инвестициялау кіреді, мысалы, жер, қондырғылар, зауыттар сияқты. Қаржылық инвестициялар қағазда жазылған келісімшарттарда, мысалы, кәдімгі акциялар мен облигациялар сияқтыны білдіреді». Қарапайым экономикаларда инвестициялардың негізгі бөлігі нақтыға жатқызылса, қазіргі дәуірдің экономикасында инвестициялардың үлкен бөлігі қаржылық инвестициялар болып табылады.

Инвестиция – бұл ақшаны, оның сақталуына немесе құнының артуына және табыстың оң шамасын қамтамасыз етуге үміт артырып, орналастыруға болатын кез келген құрал.

Бос ақша құралдары инвестиция болып табылмайды, себебі қолма-қол ақшаның құнын инфляция жеп қоюы мүмкін және ол ешқандай да табыс әкелмейді.

Капиталды орналастырудың түрлі факторлармен айрықшаланатын әр түрлі нысандары бар: құнды қағаздар мен жылжымайтын мүлік; қарыздық міндеттемелер; опциондар мен акциялар; шағын және үлкен тәуекелмен салымдар; қысқа немесе ұзақ мерзімді; тікелей және жанама.

Инвестициялаудың әр түрлі тәсілдері бар, бірақ олар әрқашанда тек бір нәрсеге – пайда табуға бағытталған.

Егер бірінші қажетті заттарды сатып алғаннан кейін, барлық шоттарды, қарыздарды төлегеннен кейін тұрғындарда қандай да бос ақша қаражаттары қалатын болса, онда оларды «қалай жинақтау және көбейту керек?» деген мәселе туындайды. Көп жағдайда артық қалған ақша қаражаттарды кейінге қалдырады.

Шет елдік инвестицияға байланысты заңда инвестицияға мынадай түсінік берілген: «Инвестициялау – табыс алу мақсатында кәсіпкерлік қызмет объектілеріне салынатын мүліктік және интеллектуалды құндылықтардың барлық түрлері, соның ішінде:

- жылжитын және жылжымайтын мүліктер мен мүліктік құқық, ұстау құқығы, өндеусіз ұстауға арналған тауарлардан басқалары;
- акциялар және коммерциялық ұйымдарға қатысудың өзге де нысандары;

- облигациялар және басқа да борыштық міндеттемелер;
- инвестицияларға байланысты келісімшарттар бойынша орындалуға тиісті қызметтер, тауарлар, ақшалай сомаларды талап етулер;

- интеллектуалды қызметтің нәтижелеріне деген құқықтар, оған жататындар: авторлық құқық, патент, тауар белгісі, өнеркәсіп үлгісі, технологиялық процестер, нау-хау, нормативтік-техникалық, сәулеттік, конструкторлық және технологиялық жобалық құжаттар;

- лицензия немесе мемлекеттік органдардан берілетін басқа да нысандардағы кәсіпкерлік қызмет түрін жүзеге асыруға арналған кез келген құқықтар».

И.В. Сергеев, И.И. Веретникованың еңбегінде «инвестиция – пайда немесе басқа да тиімділікке қол жеткізу мақсатында жаңа кәсіпорындар құру, жұмыс істеп отырған кәсіпорындарды кеңейту, кәсіп-

«Қаржылық сауаттылық» айдары

орындарды қайта құру және техникалық жағынан қайта қаржыландыру, жылжымайтын мүлік, акциялар, облигациялар және басқа да бағалы қағаздар мен активтерді сатып алуға бағытталған мемлекеттің, заңды және жеке тұлғалардың ақшалай қаражаттары, мүліктік және интеллектуалдық құндылықтарды» білдіреді.

2. Инвестицияның түрлері және үлгілері



Мақсаттар айқын, қарапайым және қағазға жазылған болуы тиіс. Егер олар қағазға жазылмаған болса және оларды күн сайын қайта қарастыратын болсаңыз – бұл мақсаттар емес. Бұл – ниет-тер.

Роберт Кийосаки, бизнесмен, инвестор, жазушы («Инвестициялау бойынша Бай Әкенің жетекшілігі» кітабынан)

Іс жүзінде инвестициялардың көптеген жіктеулері мен түрлері белгілі:

Мемлекеттік инвестициялар: мемлекеттік бюджет есебінен және басқа да мемлекеттік қаржы көздерінен экономикалық және әлеуметтік дамуға бағытталған инвестициялар;

Жеке инвестициялар: корпоративтік кәсіпорындар мен ұйымдардың меншікті және тартылған қаражаттары, сондай-ақ азаматтардың жинақтары есебінен жүзеге асатын инвестициялар;

Шет елдік инвестициялар: пайда табу мақсатында кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінің объектілеріне салынған шет елдік инвесторлардың (мемлекеттің, банктердің, компаниялардың, кәсіпкерлердің) барлық мүліктік және интеллектуалдық құндылықтары.

«Инвестиция туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «шетел инвестициясы – Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының жарғылық қорына қатынасу нысанында, сондай-ақ оларға займдар (несиелер) беру және Қазақстан Республикасының «Лизинг туралы» Заңымен көзделген шартпенен лизинг заттарын беру жолымен жүзеге асырылатын инвестицияларды білдіреді. Қазақстан Республикасы аумағында шет ел инвесторлары заңмен тыйым салынбаған кез келген объектіге жұмсалынады. Инвестициялау объектілеріне мыналар жатады:

– халық шаруашылығының барлық салаларындағы жаңадан құрылатын және жаңартылатын негізгі қорлар мен айналым құралдары;

- мақсатты ақшалай салымдар;
- ғылыми-техникалық өнімдер;
- интеллектуалдық құндылықтарға қатысты құқықтар;
- мүліктік құқықтар.

Шетел инвестициясы мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

- заңды және жеке тұлғалармен бірігіп құрылатын кәсіпорындарға үлес қосу;
- шетел инвесторларына толық тиесілі кәсіпорындар, сондай-ақ шет елдік заңды тұлғалардың филиалдарын құру;
- кәсіпорындар, ғимараттар, құрылғылар, кәсіпорындарға қатысу үлесін, пай, акциялар, облигациялар және өзге де бағалы қағаздарды сатып алу;
- жерді және басқа да табиғи ресурстарды пайдалану құқығын сатып алу;
- займдар мен несиелер беру;
- мүліктер мен мүліктік құқықтар беру».

Өндірістік инвестициялар: жұмыс жасап отырған кәсіпорындарды кеңейтуге, қайта құруға және техникалық жағынан қайта қаруландыруға, жаңа құрылысқа капитал жұмсаумен байланысты инвестициялар.


Интеллектуалдық инвестициялар: интеллектуалдық және рухани игіліктерді жасауға жұмсалатын инвестициялар.

Бақыланатын инвестициялар: басқа компаниялардың дауыс беруге құқығы бар акцияларының 50 пайыздан астамын иеленуді қамта-

масыз ететін тікелей инвестициялар.

Бақыланбайтын инвестициялар: басқа компаниялардың дауыс беруге құқығы бар акцияларының 50 пайыздан төмен бөлігін иеленуді қамтамасыз ететін тікелей инвестициялар.

Инвестицияның кең таралған түрлерін сызба түрінде беруге болады:



Сызба – Инвестицияның түрлері

Инвестицияның кейбір үлгілеріне тоқтала кетейік:

Портфельдік (қаржылық) инвестициялар мемлекеттік, муниципалдық өзін-өзі басқару органдардың корпоративтік компаниялардың шығарған акцияларына, облигацияларына және басқа да бағалы қағаздарына жұмсаған ақша қаражаттары болып табылады.

Портфельдік инвестицияны жүзеге асыру барысында инвестор пайыз немесе дивиденд түрінде табыс алады және өтімді резервтерін қалыптастырады. Портфельдік инвестицияны уақытша бос ақша қаражаты бар банктер, инвестициялық компаниялар және фирмалар жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында портфельдік инвестициялардың құрылымында корпоративтік бағалы қағаздарға қарағанда мемлекеттің бағалы қағаздарына жұмсалымдардың үлесі біршама жоғары. Оның себебін мемлекеттің бағалы қағаздарына салынған қаражаттың сенімділігін, яғни тәуекелге ұшырамайтынан көруге болады. Ал корпоративтік бағалы қағаздар қаншалықты табысы жоғары болса, соншалықты олардың тәуекелі де жоғары болып келеді.

3. Инвестицияның атқаратын қызметтері

Инвестиция экономикалық категория ретінде экономикада бірқатар қызмет атқарады. Инвестицияның қызметінсіз кез келген мемлекеттің тұрақты дамуы мүмкін емес. Инвестицияның атқаратын қызметтерін екі деңгейде бөліп қарауға болады:

Макродеңгейде атқаратын қызметтері, оған мыналар жатады:

- ұлғаймалы ұдайы өндіріс саясатын жүзеге асыру;
- ғылыми-техникалық прогресті жеделдету;
- отандық өнімдердің сапасын жақсартып, олардың бәсекелестік қабілетін арттыру;
- экономиканың барлық салаларының бірдей дамуын қамтамасыз ету;

• әлеуметтік аяны, соның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, білім саласын дамыту;

- жұмыссыздық мәселесін шешу;
- инфляция қарқынын тежеу;
- қоршаған ортаны қорғау;
- әскери-өнеркәсіп кешенін конверсиялау;
- мемлекеттің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету.

Микродеңгейдегі атқаратын қызметтері мыналар:

- өндірісті кеңейту және дамыту;
- негізгі қорлардың шамадан тыс моральдық және заттай тозуын болдырмау;
- өндіріс деңгейін техникалық жағынан қайта жарақтау;
- нақты кәсіпорындардың өнімдерінің сапаларын арттыру және бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ету;
- табиғатты қоршау шараларын жүзеге асыру;
- бағалы қағаздар сатып алу және басқа кәсіпорындардың актив-

«Қаржылық сауаттылық» айдары

теріне қаражат жұмсау.

Инвестицияның жіктелімі


Барлық инвестицияларды мынадай белгілеріне қарай жіктеуге болады:

- 1) инвестицияны жұмсау объектісіне қарай;
- 2) инвестициялау мерзіміне қарай;
- 3) инвестицияға қатысу нысанына қарай;
- 4) меншік нысанына қарай;
- 5) аумақтық белгісіне қарай;
- 6) пайдалану бағытына қарай;

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының заңына сәйкес инвестициялық қызмет – инвестициялауды жүзеге асыру процесімен байланысты кәсіпкерлік қызметті сипаттайды.

Бақылау сұрақтары:

1. Инвестиция ұғымы.
2. Инвестициялау – экономикалық категория ретінде.
3. Мемлекеттік инвестициялар.
4. Шетелдік инвестициялар.
5. Материалдық және материалдық емес активтерге салынған инвестициялар.

**ҚЫЗЫҚТЫ
ДҮНИЕ****АЛТЫН****«БАССАУҒА»****Дағдарыс кезінде бағалы металға неліктен инвестиция салынады?**

Ақпанда алтын бағасы тарихи рекордқа жетіп, 1 унциясы (шамамен 28,3 грамм) 2 954 долларға бағаланды. Бұл бір жыл ішіндегі 10-рекорд саналады. Ұзақ жылдар бойы алтын неліктен ең сенімді актив саналып келеді? Бұл жайында сарапшылар не дейді?

Жыл басынан бері алтын бағасы 12 пайызға қымбаттап, бір унциясы 2 954 долларға жетті. Бұл жайт АҚШ Президенті Дональд Трамптың баж салығын енгізу қаупі «жаһандық сауда соғысын» тудыруы мүмкін деген алаңдаушылық аясында болды. Сарапшылар осы жайт инвесторлардың қымбат металға деген қызығушылығын тудырғанын атап өтеді.

Бүкіләлемдік алтын кеңесінің (World Gold Council) атап өтуінше, өткен жылы алтын бағасы 40 мәрте рекорд жаңартты. Айталық, 2024 жылдың төртінші тоқсанындағы бір унция үшін орташа баға 2 663 доллар болуы да рекордтық көрсеткіш саналады. Ал бір унция үшін орташа жылдық баға 2 386 (+23 пайыз) доллар болды.

Әлем елдерінің орталық банктері 2024 жылы алтынды бас айналдырарлық қарқынмен сатып алды: үшінші жыл қатарынан сатып алу көлемі 1 мың тоннадан асып, ал төртінші тоқсанда 333 тоннаға дейін күрт артты.

Goldman Sachs Group инвестициялық банкінің сарапшылары орталық банктердің сатып алулары мен биржалық қорларға ағындарға сүйене отырып, 2025 жылдың соңына қарай алтын бағасының болжамын бір унция үшін 3 100 долларға дейін көтерді. Өткен жылы Goldman Sachs жыл соңына дейін бір унция алтын бағасы 3 000 доллар болатынын болжаған еді. Енді оның бағасы тарихи максимумға – 3 мың долларға қашан жететіндігі уақыт еншісіндегі мәселе ғана.

Өткен жылы алтынның қымбаттауы 40 пайыз деңгейінде болды. Бұл айтарлықтай көрсеткіш саналады. Мұндай бағаның өсуі тек 2010 жылы болған.

Алтын қоры мол әлем елдері

Бүкіләлемдік алтын кеңесінің (World Gold Council, WGC) мәліметтері бойынша мемлекеттердің орталық банктерінің резервтері мен қорларында 36,5 мың тоннадан астам алтын сақталған. 2024 жылғы статистикаға сәйкес, оның ең көп мөлшері АҚШ-қа тиесілі – 8,13 мың тонна. Одан кейін Германияда – 3,35 мың тонна, Италияда – 2,45 мың тонна, Францияда – 2,44 мың тонна, Ресей 2,34 мың тонна бар.

Қазақстанның алтын қоры қанша?

Ұлттық банк деректеріне сәйкес, 2024 жылдың қараша айының соңында Қазақстанның алтын-валюта резерві 44,2 млрд долларды құрады. Бұл 2023 жылдың қорытынды көрсеткішінен 8,3 млрд (23,1 пайыз) долларға артық. Бұл ретте, алтын-валюта резервінің жартысынан астамы – 57,2 пайызы немесе 25,3 млрд доллары алтын түріндегі активтерге тиесілі.

Бүкіләлемдік алтын кеңесінің (World Gold Council) дерегіне сәйкес, қаңтар айының басында Қазақстан алтын-валюта резервінің ірі ұстаушылары рейтингінде 20-шы орында тұр.

Ұлттық банк базалық мөлшерлемені көтерді

Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені базалық мөлшерлемені +/- 1 пайыздық тармақ дәлізімен жылдық 16,5% деңгейінде белгілеу туралы шешім қабылдады.

Ұлттық банк таратқан ресми мәлімдемеге сүйенсек, мұндай шешім қабылдауға жаңартылған болжамдар мен инфляциялық тәуекелдердің балансы негіз болған.

Жыл басында базалық мөлшерлеме 15,25% деңгейінде белгіленген болатын.

Дереккөз:

<https://kaz.inform.kz/news/ulttik-bank-bazalik-molsherlemen-koterd-fa296b>

Инфляция өсімі аясында 2025 жыл сенімді басталды

Дүниежүзілік банк есебіне сәйкес, 2025 жылдың басында Қазақстанның экономикалық белсенділігі сенімді өсім көрсетіп отыр. Дегенмен, инфляциялық тәуекел сақталуда. Баға қысымының артуы аясында инфляция жеделдейді.

Қазақстанда инфляция баяулау кезеңінен кейін қайтадан өсе бастады. Ақпанда жылдық инфляция деңгейі 2024 жылдың желтоқсанындағы 8,6 пайызбен салыстырғанда 9,4 пайызға жетті:

- азық-түлік өнімдерінің бағасы 6,5 пайызға дейін өсті (желтоқсанда 5,5 пайыз);
- азық-түлік емес тауарлар бағасы 8,7 пайызға дейін қымбаттады (8,3 пайыз);
- қызмет көрсету саласындағы инфляция 14,1 пайызға дейін жеделдеді (13,3 пайыз).

Сарапшылардың болжамы: 2025 жылы инфляция - 8,7%, 2026 жылы - 7% болады.

Түркияның ең ірі банкноты біртіндеп құнсызданып жатыр

Түркияның ұлттық валютасы құнын жоғалтып жатыр. Бұны 200 түрік лирасының номиналы мысалында айқын дәлелдеуге болады. Банкноттың сатып алу қабілеті 16 жыл ішінде 95%-ға төмендеді.

2009 жылы 200 лира 125 долларға балама болса, 2025 жылы бұл сома ағымдағы бағам бойынша (36,42 TL/USD) бар болғаны 5,49 долларды құрап отыр. Бұл елдегі инфляция мен экономикалық дағдарыстың ұлттық валютаның сатып алу қабілетіне қаншалықты әсер еткенін көрсетеді.

2009 және 2025 жылдары сатып алу қабілетін салыстыру арқылы әр жылдары 200 лираға не сатып алуға болатынын қарастыруға болады.

Мысалы, 2009 жылы бұл сома 4 грамм алтын сатып алуға жеткілікті болды (бір грамы 46,75 лира бағасымен). Бүгінде дәл осындай 4 грамм алтынды сатып алу үшін 200 лиралық банкноттың 17-сі, яғни кем дегенде 3 400 лира (шамамен 94 доллар) қажет.

Түркия Орталық банкінің (TR OB) инфляция калькуляторының мәліметінше, 2009 жылғы 20 түрік лирасы бүгін 257 лираға, 10 түрік лирасы бүгін 128 лираға, 5 түрік лирасы бүгін 64 лираға тең.



БРАТСКИЙ ПРИВЕТ



CHIRCHIK DAVLAT
PEDAGOGIKA UNIVERSITETI

ИЗ УЗБЕКИСТАНА

Уважаемые коллеги, друзья из редакторского коллектива газеты «Білім. Ғылым. Тәрбие»!

Мы получаем вашу газету через чаты знакомых в Казахстане. Знаем, что она распространяется во всех вузах Казахстана, школах и колледжах близлежащей к нам Туркестанской области и по Шымкентскому вилояту. Мы тоже выкладываем её для наших студентов, потому что у нас много учащихся — как узбеков, так и казахов — всем она интересна, потому что в ней публикуются материалы, необходимые для будущих педагогов.

Недавно мы посоветовались и решили, что с вашего разрешения каждый месяц будем высылать по одной статье для публикации. Надеемся, это послужит хорошим подспорьем для укрепления нашей дружбы в гуманитарной, научной и культурной сферах. Право первой публикации мы предоставили доценту кафедры биологии нашего университета Елене Владимировне и профессору Мукаддас Кахрамоновне.

Ахмедов Бекжан Аскарлович, старший преподаватель кафедры «Информатика». Чирчикский государственный педагогический университет, г. Чирчик, Узбекистан.



ТРАВА ПОД НАШИМИ НОГАМИ

Полевые заметки из Чирчика

С чего начинается путь биолога? С ботинок, покрытых росой, и с травы, что под ногами. Первая экскурсия студентов биофака в Чирчике начинается не в лаборатории, а на полях и в парках, среди луговых злаков, где каждый стебелёк — живая история.

Вот тимофеевка — стройный злак с узким серебристым султаном. Она тихо шуршит на ветру, не зная, что стала настоящей королевой кормовых трав. Её ели в Европе, сеяли в Америке, собирали в Узбекистане. Когда-то скромная «трава Тимофея», она теперь известна по всему миру.



«Трава Тимофея» — тимофеевка

Семена её не осыпаются, удобно собираются, а главное — она неприхотлива и живёт до десяти лет. А на Алтае тимофеевка даже «оделась» в пушистые колоски, похожие на ёжиков.

Рядом — ежа. Мягкая, стройная, утончённая, с листьями цвета весенней зелени. Она быстро отрастает после покоса и может дать два, а то и три урожая в год. Но не всё так просто: овцы не любят её сено — мешают колючие шипики. Пришлось селекционерам поработать, и сегодня существуют сорта ежи, которые подходят и для

животных, и для городских газонов. Ежа, в отличие от тимофеевки, — настоящий долгожитель, до двадцати лет. Её называют «садовой травой», и не зря — мягкая, плотная дернина радует глаз в парках и скверах.

А вот и костёр — мощный, крепкий злак с корнями-канатами и метёлками, отливающими фиолетом. Он живёт долго и хорошо растёт почти в любом климате — от Мурманска до Сурхандарьи. Его не пугают ни морозы, ни засуха. Сено из костра нежное, душистое. Когда-то именно им кормили овец в немецком Ашерслебене, и баранина оттуда славилась на всю Европу. Сегодня костёр кормит скот на юге Узбекистана, и шашлык из такой баранины — настоящее наслаждение.

Особенное место занимает и мятлик луговой — плотный, зелёный ковёр, что ук-



Со студентами специальности «Биология» на полевых занятиях



Абдрашитова Елена Владимировна, Кандидат биологических наук, доцент. Чирчикский государственный педагогический университет, Узбекистан

рашает газоны наших городов. Он морозоустойчив, живёт до десяти лет и удивительно питателен. Его любят и северные олени, и алтайские маралы. Мятлик первым трогается в рост весной, радуя глаз и сердце каждого прохожего.

Каждая из этих трав — это не просто зелёный фон. Это — основа жизни, источник корма, элемент ландшафта, часть нашей культуры и истории. Их стоило бы не просто изучать, но и беречь.

В следующий раз, проходя по парку или лугу, замедлите шаг и посмотрите вниз. Быть может, под ногами у вас — настоящий ботанический шедевр.

КЕРІ БАЙЛАНЫС

ОҚЫРМАНДАРДЫҢ СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАПТАР

НАШИ ОТВЕТЫ НА ВОПРОСЫ ЧИТАТЕЛЕЙ ГАЗЕТЫ

ОБРАТНАЯ СВЯЗЬ

Анарбеков Батырхан Анарбекович,
«Дене тәрбиесі, АЭД және ТП» кафедрасы-
ның меңгерушісі, Теміртау жоғары поли-
техникалық колледжі, Теміртау қаласы



Бүгін «Ғылым. Білім. Тәрбие» республикалық ақпараттық газетімен алғаш рет таныстым. Газет бетінде жарияланған материалдардың мазмұнымен танысып, көптеген мағлұматтар алдым. Жасырын емес, қазіргі таңда БАҚ-да мақалалар жариялау да өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Сұрайын дегенім: газетте мақала жариялау ақылы ма? Және тариф саясаты жайлы мәлімет беріп өтсеңіздер.

Жауап: Біздің БАҚ қатарына қосылғанымызға бір жылға жуықтады. Қазіргі уақытқа дейін авторларымыздың материалдары тегін жарияланды. Мұның себебі, редакция газет номерлерін ұйымдар мен серіктестеріміздің электронды пошталарына тікелей жіберетін болғандықтан, типографиялық және тарату шығындары жоқ. Келешекте редакция штатының толықтырылуымен байланысты тарифтік саясат та өзгеруі мүмкін. Бірақ жақын арада мұндай мәселелерді редакция алқасы қарастырып отырған жоқ.

Ахмедов Бекжан Аскарлович, ст. преподаватель кафедры «Информатика» Чирчикского государственного педагогического университета:

Мне нравится оформление вашей газеты. Хотя я получаю её по рассылке на свой e-mail, а не в бумажном варианте, её очень удобно смотреть на компьютере. И она не похожа на типичные электронные издания – выполнена в классическом стиле, к которому мы привыкли ещё с советских времён. Притом, каждая страница – в цвете, цветная. Да и материалы интересные, актуальные. Чувствуется, что коллектив, редакционная коллегия вкладывают в неё частичку своей души. Желаем вам только лучшего, успехов на данном поприще! Удачи!!!

Ответ: Спасибо за пожелания и бата! А в целом, наша газета не электронная по определению, что отражено и в лицензии. Электронная – это просто набор текстового материала, идущего как лента. А к «классическому типу» мы все давно привыкли – в любом киоске такого вида вы встретите газеты. Поэтому для удобства читателей мы и издаем её в таком образе. И, да, в нашей команде все – идейные, а выпуск газеты для нас – увлекательное хобби!

Баймұрзаева Қарлығаш Бексеитовна, М. Әуезов атындағы ОҚУ «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Сіздердің газеттеріңіздің тұрақты оқырманымын. Әсіресе инклюзивті оқыту жайлы әдістемелік материалдарды өз тәжірибемде жиі қолданып жүремін. Газет бетінде мақала жарияланды да. Дегенмен, аттестациялау кезінде есепке алынатын БАҚ арнайы реестрі бар екендігін алға тартып, жарияланған мақаламды портфолиоға қоспай отыр. Себебін білсем деген едім.

Жауап: «Ғылым. Білім. Тәрбие» республикалық ақпараттық ғылыми-педагогикалық газеті № KZ10VPY 00094036 тіркеу туралы Куәлікті 31.05.2024 ж. алды. Сіз атап отырған реестр 2024 жылдың мамыр айының ортасында, газетіміздің Куәлік алғанына дейін, бекітіліп қойған болатын. Келешекте газетіміздің ұсынылған реестрге енетініне біз сенімдіміз. Ол үшін барлық алғышарттардың бар екендігіне газет ұжымының бір жылдың ішінде атқарған қажырлы еңбегіне қарап, көз жеткізуге болады.

Сания Сүлеймен,
«Техникалық және кәсіптік білім»
ақпараттық әдістемелік журналының бас
редакторы, Астана қаласы

Газет бетінде оқу-әдістемелік, тәрбие, тарихи-танымдық және экономикалық сауаттылық бойынша тұрақты айдарлар қалыптасып, өзінің тұрақты оқырмандарын тауып отыр. Бүгінгі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – жастарымыздың өз құқықтары мен міндеттерін жете білмеуінің нәтижесінде қиыншылықтармен қатар, келеңсіз жағдайларға жиі ұшырауы. Осы тұрғыдан жастарымыздың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша іс-шаралар жоспарланып отыр ма?

Жауап: Иә, оқырмандарымыздың құқықтық сауаттылығын арттыру – күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін мәселелердің бірі екендігін дұрыс айтып отырсыз. Қазіргі уақытта қаламыздың іргелі жоғары оқу орындарының профессор-оқытушыларымен және тәжірибесі мол білікті мамандармен бұл мәселе бойынша ортақ түсіністік қана емес, ең бастысы – жаңа оқу жылынан бастап газет бетінде тұрақты айдар ашу бойынша келісім бар.

АФИША ОТ ПАРТНЕРОВ:

ВЧЕРА-
СЕГОДНЯ-
ЗАВТРА

РОССИЙСКИЕ СПЕЦИАЛИСТЫ ПРИГЛАШАЮТ



Уважаемые
коллеги!



КРИПО им. А. М. Тулеева 6 мая 2025 года в 09.00 (МСК) проводит вебинар «Потсдамская конференция и ее значение для становления послевоенного мира».

На вебинаре будут рассмотрены вопросы связанные историей созыва конференции руководителей СССР, США и Англии, ее ход, позиции сторон, значение для обеспечения послевоенного мира.

Приглашаются педагогические работники и студенты.

Ссылка для регистрации <https://forms.yandex.ru/cloud/6805affd90fa7bffd0cd68b4/>

Ссылка для подключения https://vkvideo.ru/video-161879870_456239799

С уважением, отдел международного сотрудничества
ГБУ ДПО "КРИПО" им. А.М. Тулеева
8 (3842) 37-81-64 ms@kripo.ru



Укрепление международных связей

Нейротехнологии в образовании: в Чирчикском государственном педагогическом университете

*Рахманова Мукаддас Кахрамоновна,
доктор педагогических наук, профессор,
Чирчикский государственный педагогический университет.
Город Чирчик, Ташкентская область, Республика Узбекистан.*

презентовали уникальный
проект

Мы рады представить вашему вниманию статью, подготовленную в духе дружбы и взаимопонимания между народами Узбекистана и Казахстана. Сотрудничество наших республик охватывает многие сферы жизни — от культуры и образования до науки и молодежных инициатив. Именно такие публикации способствуют укреплению гуманитарных связей и служат площадкой для обмена опытом.

В предложенном материале затронуты актуальные темы, имеющие значение не только в рамках одной страны, но и в более широком региональном контексте. Мы уверены, что содержание статьи найдет отклик у читателей и будет способствовать дальнейшему развитию конструктивного диалога между братскими народами.

18 марта на Педагогическом факультете Чирчикского государственного педагогического университета состоялась презентация проекта «Нейротехнологии, основанные на индивидуальном подходе в образовательном процессе». Мероприятие было организовано кафедрой «Общей педагогики» в рамках развиваемой модели индивидуальной образовательной траектории.

Нейропедагогика, находящаяся на пересечении педагогики и неврологии, стремится к оптимизации образовательного процесса за счёт понимания функционирования нервной системы и работы мозга. Современные образовательные подходы всё активнее включают нейропедагогические инструменты, поскольку они помогают глубже понять, как работает мозг и каким образом он воспринимает и усваивает информацию.



На мероприятии студенты 2 курса педагогического направления представили свою деятельность в рамках индивидуального обучения с использованием технологии "MindMapNeuro". В структуру данной технологии входят четыре мини-проекта, один из которых — "NeuroPlay". Участники этого проекта в ходе квалификационной практики 4+2 провели занятия с воспитанниками подготовительной группы дошкольного образовательного учреждения №11 города Чирчика, продемонстрировали фрагменты нейроигр и представили результаты своего исследования.

Основной целью проекта является популяризация и практическое применение нейротехнологий как эффективного средства поддержки личности на всех уровнях взаимодействия с

обществом.

Во время мероприятия студенты 2 курса педагогического направления представили свои исследования и разработки в рамках технологии «MindMap-



В завершение мероприятия декан педагогического факультета Чирчикского государственного педагогического университета, профессор Джаббор Усаров выразил положительное мнение о проекте, пожелал студентам больших успехов в дальнейшей работе и подчеркнул, что университет окажет практическую поддержку в реализации подобных инициатив.

Neuro».

В рамках данной технологии были реализованы мини-проекты, каждый из которых продемонстрировал различные аспекты нейроподхода в образовании.

Так, участники проекта «NeuroPlay» провели занятия в детском саду №11 города Чирчика, работая с детьми подготовительной группы в рамках квалификационной практики. Они продемонстрировали фрагменты нейроигр и представили анализ полученных данных.

Далее были представлены результаты реализации проекта «Удивительный мозг» в общеобразовательных школах №6, 21 и 26 города Чирчика. Студенты показали 30-дневную программу упражнений для развития когнитивных способностей учащихся. В ходе исследования было выявлено, что из 80 младших школьников, охваченных проектом, 20 показали низкий уровень усвоения материала. С ними проводились занятия с использованием методов «Рольевые игры», «Колесо ума», «Заблудившиеся буквы», «Текст без гласных». Эти занятия дали положительные результаты, что было подтверждено демонстрацией и анализом достигнутых успехов.

Участники мероприятия также ознакомили гостей с основами нейроандрагогики — направления, ориентированного на развитие познавательных способностей у взрослых. Были продемонстрированы упражнения, способствующие улучшению внимания, памяти, восприятия, скорости усвоения и обработки информации. Эти упражнения вызвали живой интерес у всех присутствующих, независимо от возраста.

ЭССЕ БАЙҚАУЫНА ШАҚЫРУ

Q-BC



ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫ мен ТҮЛЕКТЕР!

«QAZAQ-BILIM CENTER» компаниясы

СІЗДЕРДІ

Ж.А. Тәшенев атындағы университеттің «Тарих және география» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамының ұйымдастыруымен өткізуді жоспарлап отырған кәсіби бағдарлық бағыттағы олимпиадаға қатысуға шақырады.

Іс-шара жөнінде жалпы мәлімет:

Өткізілу түрі: ара қашықтықта.

Қатысушылар: «Тарих» немесе «География» мамандығын тандаған түлектер.

Мақсаты: «Тарих» және «География» мамандығын тандаушыларды анықтап, кәсіби бағдар мен кеңес беру.

Тапсырма: эссе жазу (эссе көлемі – 1 беттен аспайтын).

Эссе тақырыптары:

1. «Менің болашақ мамандығым – тарихшы!»
2. «Неге мен «География» мамандығын таңдаймын?»

Талаптары: 2025 жылдың мамыр айының 20-на дейін жұмысын

g-bc@mail.ru e-mail-ға жіберу.

Эссені орындау шарты: Төбе жағында – қала (облысы, ауданы) мен мектебі (колледжі) және ғылыми (сынып) жетекшісі (телефон нөмері) көрсетіледі. Астыңғы жағында – білім алушының аты-жөні мен e-mail (мадақтамалар осы поштаға жіберілетін болады) немесе What'sApp көрсетіледі.

Марапаттар: үздік эссе иелеріне – арнайы естелік сыйлықтар, барлық қатысушыларға, олардың ұстаздарына – мадақтау қағаздары тапсырылады. Қосымша марапат ретінде арнайы жасақталған тәуелсіз комиссияның шешімімен үздік деп табылған еңбектер осы «Ғылым. Білім. Тәрбие» Республикалық ақпараттық ғылыми-педагогикалық газетінің беттерінде кезекпен жарияланады.



ТҮЛЕКТІҢ АРМАНЫ

Тәуелсіз төрешілер алқасының шешімімен үздік деп табылған еңбектер біздің «Ғылым. Білім. Тәрбие» Республикалық ақпараттық ғылыми-педагогикалық газетінің беттерінде кезекпен жариялануда:

«Алпамыс батыр атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп» КММ

«Менің болашақ мамандығым – тарихшы!»

Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,
Ұстаз болу – жүректің батырлығы.
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның асылдығы.

Осы қатарлармен ақын Ғафу Қайырбеков «Ұстаз» деген сөздің анықтамасын керемет жеткізе берген.

Менің болашақ армандаған мамандығым тарих пәнінің мұғалімі болу. Мамандықты жүрегінің қалауы бойынша тандау керек. Әрбір адам жақсы көрген мамандығымен жұмыс жасайтын болса, жауапкершілікпен қарайды. Ұстаз деген жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, шәкірт жүрегіне гүл егіп, әр баланың бағбаны емеспе? Ғылым иесі ғалымда, ел басқаратын азаматта, тілінен бал тамған ақында, егін еккен диқанда, адам жанын емдейтін дәрігерде барлығы ұстаздан білім алады. Ұстаз – ұлы тұлға. Қасиетті мамандықтың жауһары – мұғалім. Мен болашақта айналамдағы оқушылардың жанына қуат беріп, білім нәрімен сусындататып, еліне адал қызмет ететін тұлға тәрбиелегім келеді.

Елімнің болашағын ойлайтын шәкірт тәрбиелеу әрбір ұстаздың алдына қойған мақсаты деп ойлаймын. Болашақта елімнің тарихын зерттеп, әр баланың жүрегінен жол тауып, «Елім мен үшін не істей алады?» деген азаматты емес, «Мен елім үшін не істей аламын» деп сұрақ қоятын азаматты тәрбиелеймін.



Таңсыхова Ақмаржан, 11 «Ә» сынып оқушысы.
Жетекшісі: Асилбекова Гулжайна Асербаевна.
Электронды почта: perizat.kalkhamanova@bk.ru
Телефон нөмірі: 87072859785

Ұйымдастыру алқасы Сіздердің де эсселеріңізді асыға күтеді!



Пошан Несібелі Бауыржанқызы,
Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейінің экскурсия жетекшісі

Түркістан облысы Бәйдібек ауданының тарихи-мәдени мұра нысандары туризмді дамыту құралы ретінде



Суретте –
Домалақ ана кесенесі



Туған өлкем алтын бесігім деп талай тарихшылар мен ғалымдар жазып қалдырған, Бәйдібек ауданында орналасқан туристік экскурсиялық нысандарына төмендегі объекттер жатады: Домалақ ана кесенесі — Қаратаудың күнгей бетінде, Балабөген өзенінің аңғарында. Халық арасында Домалақана атанған Нұрила Әли Сыланханқызының зиратына тұрғызылған. Домалақ ана – есімі Нұрила 1378-1456 жылдары өмір сүрген. Түркістандағы Яссы қыстағында туған. Мақтым Ағзымның жалғыз ұлы ержүрек батыр Ақсақ Темірдің қарамағында әскер басқарған Әли Сыланханның қызы. Шешесінің есімі Нұрбике – Уәйіс ханның апасы еді. Домалақ ананың әкесі Әли Сыланхан 1388 жылы Ақсақ Темір әскерінің құрамында Алтын Ордаға аттанарда әйелі Нұрбике мен Нұрилань (Домалақ ана), Түркістандағы әкесі Мақтым Ағзамқожаның үйінде қалдырады.

Бірде Түркістан маңындағы Қарашық өзенінде суға түсіп жатқанда Нұрбикені жылан шағып өлтіреді. Әкесі әскерден келмеген, анасынан тірідей айырылған Нұрила бабасы Мақтым Ағзамның тәрбиесінде өседі. Мақтым Ағзам Қожа Ахмет Яссауидің қызы – Гауһар биінің ұрпағы еді. Нұрила – араб сөзі, қазақша «Алланың нұры» деген ұғым береді. Парсы тілінен аударғанда «Дихнат мама», яғни Әулие ана мағынасын білдіреді. Кейіннен Дихнат деген сөз Домалақ деп ауыстырылған.

Нұрила (Домалақ ана) – Бәйдібек бабамыздың үшінші әйелі. Тарихи жазбаларда Домалақ ананың адамгершілігі, әдептілігі, парасаттылығы мен шыншылдығы және аналық қасиетінің арқасында «Домалақ ана» аталуы жайлы көптеген деректер жазылған. Нұрила ана 1456 жылы мамырдың 28 жұлдызында қайтыс болған, сол жылы Домалақ ананың немересі Дулат Бұхарадан Абдулла Шері есімді шеберді алдыртып, ана басына төрт қанатты күмбезделген кесене-там тұрғызады. ХІ-ХV ғасырлар аралығында Домалақ ана кесенесі бірнеше рет қайта жөндеуден өткен. Домалақ ана кесенесі жерден 12 м биіктікте сегіз жапырақты етіп өріліп, негізгі бөлігінің үстіне күмбез орнатылған. Аңыз бойын-

ша, Домалақ ана кесенесінде екі қасиетті тас бар, осы екі тастың арасынан тек жаны таза адам өте алады. ХХ ғасырда салынған кесене 6 бағаналы болған.

1906-1908 жылдары Ресейден қоныс аударып келген орыстардың тобыры күмбез-ескерткіштерді бұзып талқандап жібереді. 1908 жылдың жазында ақын Орынбай Тайманов (1867-1949) жаңа ескерткіш күмбез салдырады. 1942-1943 жылдары Шошқабұлақтың тұрғын орыстары, кәрістері тағы да бұзып тастайды. 1957 жылы тағы да жаңа күмбез салынады, бірақ ол көп сақталмаған. 1966 жылы Маңғыстаудан алып келінген ақ тастармен қайта қаланды.



1998 жылы Домалақ ана кесенесі жаңартылып, 2000 жылы айналасын көркейту-көгалдандыру жұмыстары аяқталды. Кесененің құрылысын жүргізуші және жобасын жасаушы сәулетшісі – Сайын Назарбеков. Домалақ ана мұражайында түрлі көне қолжазбалар, қолдан жасалған көптеген заттар сақталған. Домалақ ана кесенесі – көпшілік тәу етер қасиетті орын.

Бәйдібек Қарашаұлы кесенесі – Қасиетті бес ана тарихи ескерткіштер кешенінің құрамдас бөлігі. Түркістан облысы Бәйдібек ауданы, Бәйдібек ата ауылының аймағында орналасқан. Бәйдібек ата жайында дерек-тер халық ішінде таралған шығарма-лар мен аңыз әңгімелерден жиналған. Бәйдібек баба 1356-1419


жылы Шығыс Қаратау өлкесінде өмір сүріп, осы ауданның қазіргі Бәйдібек ата елді мекені жерінде дүниеден өткен. Сүйегі Балабөген өзенінің жағасында жерленген. Шежіре деректеріне сүйенсек, Бәйдібек қазақ елінің үш ұлы бірлестігін құраған Байшора, Жаншора, Қарашора (басқа бір деректерде Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс деп аталады) болса, үш жүздің Байшорасынан ұрпағы кең тараған Майқы, оның баласы Бақтиярдан, оның баласы Үйсіннен, оның баласы Ақсақалдан туған Қарашабидің үлкен баласы. Бәйдібектің өмірі, заманы, өскен ортасы жайлы тарихи деректемелер негізгі Қазақ елінің шежіресі, ел ішінде сақталған аңыз-әңгіме және

әйгілі Шығыс зерттеушісі ғалым-этнограф Н.А.Аристов, Ш.Уалиханов жазбалары арқылы баяндалады.

Өз заманында көшпелі елдің басын біріктіріп, елді, жерді сыртқы жау шапқыншылығынан қорғауды ұйымдастырушы және бастаушы, ақылшы, қолбасшы ретінде көрінетін аса ірі тарихи тұлға Бәйдібектің Балабөген өзеннің биік жағасында ежелден сақталған көне мазар күмбезі болған. Ескі мазар күмбез замана толқынымен қаншама рет бұзылып, қайта тұрғызылып кел-



Суретте –
Бәйдібек ата кесенесі



ді. «Бәйдібек – Сыланды» қайырымды қорының президенті Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Еркінбек Тұрысовтың ұйымдастыруымен 1996-1998 жылдар аралығында Бәйдібек ата мен қасиетті бес ана – Марау (Сары бәйбіше), Зеріп, Жұпар, Қарашаш, Сыландының мазар кесенелерінің орнына шығыс сәулет өнерінің үлгісінде орнатылған. Бас сәулетшісі – Ғабит Сұлтанғалиұлы Садырбаев.

Бәйдібек баба кесенесі құрылысына Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанда өндірілетін тандаулы құрылыс материалдары – Ташкент зауыттарының арнаулы сары кірпіші, Нұратаның ақшыл мәрмәрі, Тараз бен Қаратаудың қызыл граниттері, Қошқарата қатпарлы тау жыныстарының тақтатастары пайдаланылған. Бәйдібек ата кесенесін салуға Самарқанд, Ташкент, Сайрам, Шымкент қалаларының атақты шеберлері қатысқан. Бәйдібек кесенесінің күмбезбен көмкерілген ғибадат бөлмесіне Қазақстан президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұлы баба рухына арнап, салмағы 6 тонна бесік мүсінді ақ мәрмәр құлпытас қойған.



Қос Ана архитектуралық және мемориалды кесенесі – Бәйдібек ауданында, Бәйдібек ата елді-мекені аумағындағы кешен. Ол Қаратау Мемлекеттік табиғи қорығында, Шымкент қаласынан солтүстікке қарай 120 км жерде орналасқан. Аңыз бойынша, үйсін Бәйдібек Қарашаұлының ежелгі бірлестігінің Бия ұй-

Пошан Несібелі Бауыржанқызы,

Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейінің экскурсия жетекшісі

Түркістан облысы Бәйдібек ауданының тарихи-мәдени мұра нысандары туризмді дамыту құралы ретінде



сін келіні мен күйеу баласы (Зеріп Сыланды) жерленген. Оның құрылымы бойынша кесене ақ түске бояла отырып жоғары сапалы кірпіштен жасалған. Кесенеге XII-XIII ғасырлардағы мешіт стилі тән. Қирандылардың қымбат жоғары сапалы кірпіштеріне байланысты тарихшылар бұл жай ғана мешіт емес, сонымен қатар сопылық дервиштердің (Ханак) шағын бекінісі немесе монастыры (Рибат) болғанына болжам жасады. Құрылыс ғимаратының ішінен адамдар Бәйдібек бидің әр баласының аты жазылған он сегіз стеланы көре алады.

Ақмешіт әулие үңгірі – Түркістан облысы, Бәйдібек ауданында орналасқан, әктасты жыныстар қабатында пайда болған ойық жарқабақ үңгір. Ұзындығы 254, ал ені 65, биіктігі 25 м. Жарқабақ саңылауларынан мезгіл-мезгіл су тамып тұрады. Ішінен қарағанда ернеуі киіз үйдің шаңырағы секілді көрінеді. Ел арасында бір кездері онда бір әулие әулетімен киіз үй тігіп, сатымен шығып-түсіп жүрген деген де аңыз айтылады. Үңгірге перзент көрмеген кейбір ерлі-зайыптылар, ауру адамдар әлі күнге дейін түнеп, мінәжат етеді. Ақмешіт үңгірі туралы аңыз-әңгімелер өте көп. Солардың бірі – Есіркеп Қойгелді батырға қатысты айтылған аңыз. Батыр қалмаққа қарсы жорыққа шығарда кенеттен нөсер жауып кетеді. Он мыңнан астам сарбаз пана іздеп, осы үңгірге түседі де, таңғы намазға жығылыпты. Атауы жоқ үңгірді жауынгерлердің бірі батырдың есімімен атауға ұсыныс тастайды. Алайда Есіркеп Қойгелді батыр бұл ұсынысқа үзілді-кесілді қарсылық танытады.

Бұл Қаратаудың қасиеті дарыған таудың етегі. Бізді және астымыздағы аттарымызды жаңбырдан қорғап қалды. Сәждеге жығылып, намаз оқуымызға мүмкіндік берді. Үңгір ішіндегі тастары да ақ ұлпадай әппак, керемет әсер қалдырады. Мұның қасиеттілігі сол шығар, сондықтан оны Ақмешіт деп атайық депті. Міне, содан бері қасиетті орын ұрпақтан-ұрпаққа Ақмешіт деп аталып кетіпті.



Екпінді ауылындағы Бөген өзеніне салынған жұрт ауында «Қызыл көпір» аталатын көпірдің өзіндік тарихы бар. Осы кезге дейін көпірдің тірегі өзеннің табанынан өрілген



қыштары еш үгітілмей сол қалпында (қыштың мұрты бұзылмай) сақталған. Көпірдің қаңқа бөлшектері болат темірден жасалған. Бір ғажабы оны құрастыруда бірде-бір болт немесе гайка пайдаланылмаған. Ыстық, суыққа есептеліп салынған күрделі инженерлік құрылыс. XVIII ғасырдың екінші жартысында Орталық Азияда феодалдық Қоқан хандығы құрылып, Оңтүстік Қазақстан оның



құрамына әскери күшпен ендірілгендігі тарихтан белгілі. Бұл дәуір Ресейдің де Қазақстанды өзінің отарына айналдыра бастаған кезеңі еді. Патша үкіметі бұл өңірді тез игеру, Шымкентке қатынасты жақсарту үшін жол және өзендерге көпір салуды қолға алған. Бұл шежіреге суы мол, көктемде өткел бермес Бөген өзеніне көпір салу туралы қабылданған (Уз. ССР, фонд 17, опись 1, ед. Хр. 25477 «О престо́ройке моста через Бугу́нь» - 1879 г.) құжат дәлел болады. Аталған көпір Самара-Шымкент жолынан 80 метр жоғары Бөген өзеніне 1886 жылы кіші инженер Петровскийдің басшылығымен, бұрынғы ағаш көпірдің орнына салынған, - деп көрсетілген жоғарыда аталған құжатта. Жібек жолы күре тамырының керуендері үшін бұрын өзеннен ағаш көпір болған сияқты. Ал кейінгі темірден көпір салдыру, патшалық Ресейдің қазақ елін отарлау мүддесінен туындаған. Оған дәлел: Леонтьевка, Орловка, Китаевка, Глинково орыс селоларының пайда болуы. Оларға патша үкіметі тұрақты көмектесіп отырған. Міне, сондықтан жол қатынасын жақсарту мақсатында өзендерге көпір салдырған. Осы көпірді 1962 жылға дейін игілігімізге жаратып келдік.

1962 жылы қазіргі күннің талабына сай жанынан темірден жаңа көпір салынды.

Аппак ишан күмбезі — 19 ғасырдың ақырындағы архитектура-лық ескерткіш. Түркістан облысы Шаян ауылында күйдірілген кірпіштен шаршы жобада салынған. Аппак Ишан медресесі діни оқу орыны ретінде 1927 жылға дейін, Қазақстанда ірі байларды конфискациялауға дейін өмір сүреді. 1926 жылы мешітте діни мектеппен қатар тұңғыш рет қазақ бастауыш мектебі ашылған. Мектеп-тер 1933 жылы бастауыш, 1934 жылы жеті жылдық, 1937 жылдан орта мектепке айналып, кейін жаңа жайға көшірілді. Ал, мешіт-медресе Шаян ауылындағы тарихи жерлер ретінде

бүгінгі күнге жетті. Табанының аумағы 6,7 м x 6,6 м, ішкі көлемі 3,5 м x 3,5 м, ал биіктігі 6 м. Қабырғаларының ішкі жағына әлемнің төрт жағына бағытталған тайыздау қуыс жасалған. Құрылысты күмбезбен жапқан. Аппак ишан күмбезі пішімі жағынан Қазақстанның оңтүстігіне тән діни құрылыстарға жатады. Күмбездің ішінде екі сағана бар. Оның бірі — Шаян ауылындағы мешіт-медресені салдырған Аппак ишандікі, екіншісі — осы Аппак ишан күмбезін салған шебердікі.

Республикалық маңызы бар қорықша Боралдай – 1967 жылы Түркістан облысының Бәйдібек және Түлкібас аудандарында ұйымдастырылған. Табиғаты көркем қорықша Батыс Тянь-Шань өңіріндегі өсімдіктер мен жануарлардың эндемик түрлерін қорғау мақсатында ашылған. Қазақстан жерінде өте сирек кездесетін өсімдіктерінен Түркістан аршасы, согдиан шағаны, алша және т.б. түрі кездеседі.

Қарауылтөбе археологиялық ескерткіші – Қазақ хандығының құрылған кезінен бастап өзінің белсенді қызметін атқарған төбе. Жаугершілік замандары жаудың келе жатқанын осы төбеде күзетте тұрған



арқылы халыққа ескерткен. Тарихқа сүйенсек, қазақ хандарының басы жиылатын, құрылтай ұйымдастырылатын төбе болса керек. Қазіргі күні ескерткіш жақсы сақталған.

Тұттыбұлақ үңгірі – 48 000 жыл бұрын алғашқы тіршілік иелері мекендеген көне үңгір. Тұттыбұлақ үңгірінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында тас құралдары мен қырғыштар, адамның жақ сүйегі табылған болатын. Жақ сүйек алғашқы адам болуы да мүмкін.

Тұттыбұлақ үңгіріндегі зерттеу жұмысы 1959 жылы басталған. Қазақстандағы тас дәуірі археологиясының негізін қалаушы, алғашқы қазақ археологтарының бірі, ғалым Хасан Алпысбаев бұл үңгірді тапқанымен жалғыз өзі қазуға мүмкін болмады. 2018 жылы «Palae silk road» жобасы аясында Тұттыбұлақ үңгірінде жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде күлдің қалдығы, тас құралдар және адамның жақ сүйегі табылды. Жақ сүйек алғашқы адам болуы да мүмкін. Қазіргі таңда жақ сүйек Германиядағы зертханада анықталуда.

Боралдай петроглифтері – Түркістан қаласынан 170 шақырым жерде, Бәйдібек ауданының аумағында үңгір бейнелері. Алғаш рет 1905 жылы П.А. Комаров ашқан. Арқарды, бұғыны, қасқырды, тау ешкісін, сондай-ақ қолында садақ ұстаған аңшыларды қуып келе жатқан шабандоздар бейнеленген. Орхон жазуларына ұқсас белгілер бар. Петроглифтер екі топқа бөлінеді, біреуі Боралдай өзенінің жағасында, екіншісі баурайдан жоғары орналасқан. Алғашқы суреттер Қола дәуіріне жатады (б.з.д. екі мың жыл).

XXI ғасырдың басында петроглифтер оңай қол жетімділігіне байланысты жойылу қаупіне ұшырады. Шымкент қаласынан солтүстікке қарай 60 шақырым жерде Бәйдібек ауданының Боралдай ауылдық округі орналасқан. Ол 1929 жылы құрылған, 86 мың гектардан астам аумаққа таралған. Бәйдібек ауданы – Оңтүстік Қазақстанның эталондық тереңдігі. Ауданы Бельгиямен дерлік, ал халқы 70 мыңға жуық. Боралдай петроглифтері Орталық Азия (кеңестік дәуірде Орта Азия мен Қазақстан деп атанған) және Оңтүстік Сібірдің

жартас өнерінің таралу орнының құрамдас бөлігі болып табылады.

Жартастағы суреттерде келесі этномәдени циклдар қабылданған 4 хронологиялық реттілік бар:

1. Неолит дәуірі (II мың. б.з.д.). Соңғы кезең ерекше маңызға ие.

2. Ерте темір ғасыры (б.з.д. I мыңжылдық) VII-V ғасырлардағы скиф-сақ "аң стилін" бөліп көрсете отырып, б.з.д. өзінің сәндік және сән-дік әсерімен.

3. Түркі қабаты әлсіз және түсініксіз – тамға тәрізді ешкілер, тамғалар (VI-IX ғғ.).

4. Қазақ және сопылық циклдар (XV-XIX ғғ.). Сопылық сюжеттер (эпиграфика) қазақ хандықтарының дәуіріне, тіпті исламның қазақ даласына енуіне байланысты кейінгі уақытқа жатқызылуы керек. Боралдай жартастары ауданның маңызды археологиялық ескерткіші болып табылады. Бұл петроглифтер әртүрлі көріністерді, белгілерді және жануарларды бейнелейтін ежелгі жартастар мен оюлардан тұрады. Олар мыңдаған жылдар бұрын пайда болса да, бұл аймақты мекендеген тарихқа дейінгі мәдениеттер мен өркениеттер туралы құнды түсініктер береді. Боралдай петроглифтері Қазақстанның тарихы мен мұрасына қызығушылық танытатын зерттеушілерді, археологтарды және туристерді қызықтыратын мәдени және ғылыми тұрғыдан маңызды. Мұнда Бо-

Түркістан облысы Бәйдібек ауданының тарихи-мәдени мұра нысандары туризмді дамыту құралы ретінде

Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейінің экскурсия жетекшісі

Пошан Несібелі Бауыржанқызы,



ралдайда суреттер екі топқа бөлінеді: ең көне қола дәуіріне жатады, олар бес немесе одан да көп мың жыл, жас – ерте темір дәуіріне жатады. Олар үш-төрт мың жаста. Бір жерде петроглифтердің көп болуы ежелгі уақытта қола дәуірінің ғибадатханасы болып табылатын ғибадат орталығының болуын көрсетеді. Тұяқтылар мен садақтары бар аңшылардың көптеген суреттерінің арасында жыртқыштардың суреттері бар, мысалы, Қаратауда табылған барыс. Аң аулауда иттер маңызды рөл атқарды, олардың суреттері де кездеседі. Біржақты түсіндіруге келмейтін рәміздер де кездеседі – мысалы, керемет тау ешкісінің жанындағы белгі.

Ғалымдардың пікірінше, бұл белгі қола дәуіріне жатады, ал ешкінің бейнесі ерте темір дәуірінде түсірілген. Қола дәуіріне салттық жекпе – жегінің көріністері жатады, деп жазды біздің замандасамыз өлкетанушы Алексей Гончаров. Шымкент-

тен Боралдайға бір сағат ішінде жетуге болады. Сол жерден солтүстік-шығыс бағытта петроглифтерге дейін он шақырымнан сәл аз. Осы аталған туристік-экскурсиялық нысандарды қорыта келе, аталмыш объекттер Бәйдібек ауданындағы басты туризм дамуына елеулі әсер

етіп тұр. Бүгінгі күні бұл нысандар жалпылама Түркістан қаласына жасалған туристік маршруттың құрамына еніп кетеді. Алайда, біздің мақсатымыз – ауданды жеке туристік кластер ретінде көрсетіп, келушілерді тарту болып табылады.



«СЕРПІН» БАҒЛАРЛАМАСЫ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСЫМДЫ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ

«Серпін» жобасының басты мақсаты – еліміздің оңтүстік өңірлерінің жастарын кадр тапшылығын көріп отырған аймақтарда оқытып, білікті мамандар даярлау.

«Серпін» бағдарламасына келесі аймақтардың түлектері қатыса алады: Түркістан, Қызылорда, Жамбыл, Алматы және Жетісу облыстары.

Атап өтер жайт, аталмыш бағдарлама тек ауыл түлектеріне арналған.

Гранттар төменде көрсетілген облыстарда орналасқан ЖОО-на бөлінеді: Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Абай, Павлодар, Ұлытау, Қарағанды, Қостанай облыстары.

Гранттар тек педагогикалық, IT және техникалық, ауыл шаруашылық мамандықтарына беріледі.

Өткен, 2024 жылы «Серпін» бағдарламасына мемлекет тарапынан 3 903 грант бөлінген.

Оның 2500-ден астамы педагогикалық бағытта, 700-ге жуығы инженерия, өңдеу және құрылыс саласына, ал 300-ге жуығы IT-мамандығына, 70-ке жуық грант ауыл шаруашылығы және биоресурстар бағытына бөлінген.

Жоба бойынша грантқа түскен түлектер шәкіртақы алады және жатақханамен қамтамасыз етіледі.

«Серпін» бағдарламасы түлектері үшін оқу аяқтаған соң грант өтеу мерзімі 3 жылдан 2 жылға қысқартылып, өтеу орны 11 аймаққа ұлғайтылды.

Биылғы жылы енгізілетін өзгерістер жайлы талапкерлерді газетіміздің келесі сандарында хабардар ететін боламыз.

ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕР!

«СЕРПІН» БАҒДАРЛАМАСЫ – СІЗДІҢ НЫҚ ҚАДАММЕН ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БАСТАР МҮМКІНДІҒІЗІЗ!

СПРАВОЧНАЯ ИНФОРМАЦИЯ

Образование позволяет получать знания, которые помогают людям овладеть профессией. В Казахстане образование разделяется на общее и профессиональное. Среднее образование разделяется на классы: начальные, основные и старшие. Начальное профессиональное образование можно получить в специализированных лицеях, а среднее профессиональное — в училищах или колледжах.

Система образования в Казахстане состоит из нескольких ступеней:

- ▶ дошкольное;
- ▶ среднее;
- ▶ высшее;
- ▶ профессиональное.

Данный текст скопирован с сайта Informburo.kz
<https://informburo.kz/tags/obrazovanie>

Чтобы поступить в ВУЗ, абитуриенты должны сдать тестирование ЕНТ. Чтобы получить степень магистра, нужно отучиться 6 лет, для получения диплома специалиста — 5, а для бакалавра — 4 года. У граждан РК есть возможность получить стипендию "Болашак" для учебы за рубежом. Чтобы получить второе высшее образование, нужен диплом специалиста или магистра.

Первое образование абитуриенты имеют возможность получить бесплатно, приняв участие в конкурсе. Он проводится по результатам тестирования. Иностранцы имеют возможность получать образование на равных правах с гражданами Казахстана.

Систему образования регулирует министерство образования Казахстана. Сайт министерства образования и науки РК располагается на государственном домене www.edu.gov.kz. На сайте размещено законодательство, нормативные акты регулирующие сферу научной деятельности, обучения и получения образования в республике.

Не себептен ағылшын тілі қоғамда маңызды болып табылады?

Жұмаділа Майра,

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжі, ағылшын тілі пәнінің оқытушысы



Ағылшын тілді әлем (ағылшынша *English – speaking world*) — әлемнің ағылшын тілінде сөйлейтін халқы. 2000-шы жылдардағы мәліметтер бойынша әлем халқының екі миллиардтан астамы ағылшын тілін қандай да бір деңгейде меңгерген және осы тілде сөйлей алады. Бұл көрсеткіш ағылшын тілін әлемдегі ең ірі, кең таралған және маңызды тіл етеді. Ағылшын тілі сондай-ақ, әлемдегі сөйлеушілер саны бойынша бірінші, ал ағылшын тілі ана тілі болып табылатын адамдар саны бойынша үшінші орында. Ағылшын тілі ана тілі болып табылатын адамдардың ең көп мөлшерін 67 және 330 миллион халқы бар Ұлыбритания мен АҚШ иеленеді. Сонымен қатар, ағылшын тілі Канадада 29 миллион, Аустралияда 25,7 миллион, Жаңа Зеландияда 5 миллион және Ирландияда 5 миллион адамға ана тілі болып табылады.

Біріккен Патшалықтың бөлігі болып табылатын Англия — ағылшын тілінің отаны. Тілдің қазіргі нұсқасы XVII-ші ғасырдан бастап Ұлыбританияның және XIX-шы, XX-шы ғасырлардан бастап Америка Құрама Штаттарының әлемдік ықпалы бойынша әлемге тарала бастады.

Осы елдердің барлық баспа және электронды ақпарат құралдары арқылы ағылшын тілі көптеген бағыттар мен ғылым, навигация және құқық сияқты кәсіби тұрғыда халықаралық дискурстың және лингва-франканың халықаралық тіліне айналды. Ұлыбритания Еуропадағы ең ірі ағылшынтілді мемлекет.

Сондай-ақ, ағылшын тілінің әлемде көптеген диалектері бар. Мысалы, Америкалық ағылшын, Британдық ағылшын, Канадалық ағылшын, Аустралиялық ағылшын, Жаңа Зеландиялық ағылшын және олардың тармақталған диалектерін қолданатын елдер, мысалы, Оңтүстік Африка, Үндістан, Филиппиндер, Нигерия, Ямайка, Гана, Уганда және тағы басқалары.

Ағылшын тілінің түп-төркіні 5-6 ғғ.-да құрылықтан Британ аралына қоныс аударған англ, сакс, ют тайпалары мен аралдағы байырғы кельт (бриттер) тайпаларының тілі болып саналады. Ағылшын тілінің даму тарихы ежелгі ағылшындық (VII-XI ғғ.), орта (XII-XV ғғ.) және жаңа (XV ғғ.-дан бері) дәуір болып үш кезеңге бөлінеді.

Ағылшын тіліндегі жазба ескерткіштер VII–VIII ғасырлардан белгілі. Ол уақытта ағылшындар руна жазуын пайдаланып, тасқа, ағашқа, сүйекке ойып жазған. VI–VII ғасырларда ағылшындар арасында христиан дінінің таралуына байланысты руна жазуы қолданыстан шығып, латын әліпбиі қолданыла бастады. Ағылшындар латын әліпбиін ілгері дамытып, оған W, J және V әріптерін қосты. 1066 ж. Англияны нормандар басып алды да, мемлекеттік тіл — француз тілі болып, ағылшын тілі қарапайым халықтың сөйлеу тілі есебінде сақталды. 1476 ж. ағылшын тілінде кітап басып шығару басталды. Бұл жағдай Лондон диалектісі негізінде ағылшынның жазба әдеби тілін қалыптастырды. Ағылшын жазуы — герман тілдері тобына жататын ағылшын тілінің жазуы.

Қазіргі таңда әлемде көптеген мемлекеттер бар, ал тұрғындары сөйлейтін тілдері одан да көп. Әр елдегі адамдар бір-бірімен қалай сөйлесе алады деген сұрақ туындайды. Міне, осындай жағдайда адамдар ұлтына қарамастан әлемдік

тілдердің көмегімен бір-бірін түсініп, ақпарат алмаса алады. Осындай тілдердің ішінде ағылшын тілі бірінші орындарда тұр. Осыдан аз ғана уақыт бұрын ағылшын тілі кәдімгі шетел тілі болды, бірақ қазіргі уақытта әлемдік деңгейге көтеріліп, әлемдік қарым-қатынастың негізі болып саналады. «Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланып жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар, қазақ тілі — мемлекеттік тіл, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі — жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» — деп ҚР тұңғыш президенті өз жолдауында айтып кеткендей, қазіргі заман ағылшын тілін талап етуде.

Ағылшын тілі бірінші дүниежүзілік әмбебап тілі болып табылады. Әлемдік тарихында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық құбылыстарда, мемлекетаралық қатынастарда ұлттар мен ұлыстардың бір-бірін түсінуіне халықаралық сипат алған ағылшын тілінің өзіндік рөлі зор. Әлемдегі көптеген елдер ағылшын тілінде сөйлейді. Бұл тіл қазіргі заманда жаһандық тіл болғандықтан, оның Қазақстандағы рөлі және болашақтағы маңызы зор. Бір шаңырақты көтеру үшін үш діңгек керек емес. Бір діңгекпен көтерген шаңырақтың жан-жағынан уықтар қадалып, оның беріктігін қамтамасыз етеді. Біздің алтын діңгегіміз, тұғырымыз — қазақ тілі, ал жан-жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолдап уық секілді қадалады. Бірақ кейбіріміз үштілділік үдерісі жөнінде басқаша көзқарас танытып жатамыз. Мұның себебі осы бір сөздің мағынасын түсінбеуден келіп шығады. Бірқатары осы бағытты ұстануға оң көзбен қарап, құптаса, енді бірі өз қарсылықтарын білдіруде.

Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу — ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік.

«Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек» — деген. Демек, ағылшын тілін білмей, заман талабына лайықты, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға толық қол жеткізе алмаймыз. Іргелес мемлекеттерден анағұрлым ілгері тұрған Қазақстан қазіргі жетістіктерімен шектеліп қалмау үшін де көптілділікке ұмтылуда. Өйткені, еліміздің біліктілігі мен сауаттылық деңгейін әлемге танытып, алпауыт мемлекеттермен тереземізді теңестіру мүмкіндігіне жетелейтін қадамдардың маңыздысы — көптілділік.

Қазіргі уақытта ағылшын тілін үйренудің 7 негізгі себептеріне тоқталайық. Олар:

1. Ағылшын тілі — дүниежүзілік тіл.

Бүгінгі таңда ағылшын тілі халықаралық тілге айналды, ол әлемдегі ең көп сөйлейтін тіл. 400 миллионнан астам адам үшін ол ана тілі, 300 миллион үшін ол екінші тіл болып қалады, ал 500 миллион адам ағылшын тілін біледі.

2. Ағылшын тілі — сауда және бизнес тілі.

Көптеген елдерде ағылшын тілі дипломатия, сауда және бизнес тілі ретінде өте маңызды орынға ие. Әлемдік транзакциялардың 90% ағылшын тілінде. Әлемдік қаржы қорлары мен биржалары ағылшын тілінде жұмыс істейді. Қаржылық алыптар мен ірі корпорациялар қай елде болмасын, ағылшын тілін қолданады.

3. Ағылшын тілі — білім тілі.

Ағылшын тілі — мектептердегі ең танымал шет тілі. Әлемдегі ең беделді университеттерде көбінесе ағылшын тілін қолданады. Ағылшын тілі екінші ресми тіл болып табылатын елдерде студенттер ағылшын тілінде оқуды жөн көреді. Ағылшын тілін білу жақсы білім алуға және табысты мансап құруға мүмкіндік береді.

4. Ағылшын тілі — саяхаттау тілі.

Екі ғасыр бойына британдықтардың ауқымды саяхаттары өз жемісін берді. XXI ғасырда ағылшын тілі саяхат тілі болып табылады. Қай елде болсаңыз да, ағылшынша сізді барлық жерде түсінуге болады. Қонақ үйде, мейрамханада, аялдамада сіз жергілікті ағылшын тілінде тұрғындармен сөйлесе аласыз.

5. Ағылшын тілі — ғылым мен техниканың тілі.

XXI ғасыр — технологиялық прогресс және ақпараттық технологиялар ғасырына айналды. Бүгінгі таңда жаңа гаджеттерге арналған барлық нұсқаулар мен бағдарламалар ағылшын тілінде жазылған. Ғылыми баяндамалар мен мақалалар ағылшын тілінде шығарылады. Интернет ресурстарының 90% ағылшын тілінде. Барлық саладағы — ғылым, спорт, жаңалықтар, ойын-сауықтардағы ақпараттың басым көпшілігі ағылшын тілінде шығарылады.

6. Ағылшын тілі — жастар тілі.

Ағылшын тілі жастар мәдениетінің тіліне айналды. Американдық актерлер, актрисалар, музыканттар бірнеше ұрпақтың кумиры болды және болып қала береді. Голливуд — бүгінде кино саласындағы сөзсіз көшбасшы. Американдық экшн-фильмдер мен блокбастерлер бүкіл әлемде ағылшын тілінде көрсетіледі. Америкадан джаз, блюз, рок-н-ролл және тағы да басқа танымал музыкалық стильдер келді.

7. Ағылшын тілі — әмбебап тіл.

Жоғарыда айтылғандардың бәріне қосымша, ағылшын тілі әдемі, әуезді және үйренуге оңай. Ағылшын тілінде әлемдегі ең бай лексика бар, бірақ ол қарапайым грамматикаға ие. Мысалы, орыс тілімен салыстырғанда көп жалғаулары жоқ. Сөздердің өздері бір-біріне тартымды, қысқа және нақты сөйлемдер құрайды. Халықаралық тіл қарапайым және бәріне түсінікті болуы керек. Бәлкім, әлемді біріктіретін қарапайым тіл екеніне біз өте сәттілікпен қараған болармыз.

Студенттерге ағылшын тілін білу оны болашақта нақты өмірде қолдану және болашақ кәсіпте практикалық қолдану мүмкіндігімен байланысты екенін түсіну керек. Сондықтан жақсы ағылшын тілі мектебі және жоғары сапалы тілдік дағдылар — бұл еркіндік және сіздің өміріңізді және бизнесіңізді өзіңіз қалағандай құрудың бай мүмкіндіктер туындайды.

ТАНЫСЫҢЫЗДАР, КӨКШЕТАУДАҒЫ СЕРІКТЕСТЕРІМІЗ –

MYRZAKHMETOV
UNIVERSITY



Абай Мырзахметов

атындағы Көкшетау университеті



Біздің
артықшылықтарымыз

ӨМІРДЕГІ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢ

Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінде екінші жыл қатарынан еліміздің оңтүстік өңірлерінен келген жастарға арналған "Серпін" білім беру бағдарламасы бойынша студенттер білім алуда. Осы бағдарлама бойынша оқитын білім алушылар біздің ЖОО-дағы студенттік өмірлері туралы өз әсерлерімен бөлісті, өйткені студенттік өмір әр адамның өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі – қызықты оқиғалар, ұмытылмас кездесулер, жоспарлар мен перспективалар уақыты болып табылады.

Гуманитарлық-педагогика факультетінің студенті Данабекұлы Бекислам Түркістан облысы, Шымкент қаласынан келді. "Сабақтар өте қызықты және танымдық тұрғыда өтеді. Әрине, студенттік шақ тек оқу ғана емес, сонымен қатар белсенді шығармашылық және спорттық өмірді де қамтиды. Мен соның барлығына белсенді түрде қатысамын, атап айтсақ, "LifeKanto" вокалдық студиясына, сурет үйірмесі мен тренажер залына барамын. ЖОО-да тұлғаның жан-жақты дамуы үшін барлық жағдайлар жасалған. Осы университетте оқу барысында мен білікті маман болып шығуым үшін барлық қажетті дағдыларды игеретініме сенімдімін", - деді Бекислам.

Көкшетау мені өзінің сұлулығымен және әсем табиғатымен таң қалдырды. Көшелері жинақы, инфрақұрылымы ыңғайлы, сізге жайлы өмір сүру үшін қажет нәрсенің бәрін осы жерден таба аласыз. Бірақ мен мұнда мен үшін ең маңызды қазына, әрине, тез арада ортақ тіл табысып кеткен керемет ашық та жарқын адамдар – ол менің курстастарым болып табылады. Біздің топ өте ұйымшыл және тату, біз әрқашан бір-бірімізге көмекке келуге тырысамыз", - деп өз әсерімен гуманитарлық-педагогика факультетінің ШТ-11 тобының студенті Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Амансай ауылынан келген Сағынбек Нұржайна бөлісті.

Алтынбек Жайнар да Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жаңадала ауылынан келді. "Мен өзім оқып жатқан университетке шексіз мүмкіндіктері, іргелі білімі, құнды тәжірибесі үшін шын жүректен ризамын. Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінде білім алып жатқанымды зор мақтанышпен айта аламын. Студенттік жылдар менің өмірімдегі ең керемет және жарқын жылдар деп сеніммен айта аламын, олар туралы естелігімді ұзақ жылдар бойы есте сақтаймын", - деп атап өтті Жайнар.

"Мен оқуға алғаш келген кезде дұрыс таңдау жасағанымды бірден түсіндім, өйткені маған университеттегі жалпы атмосфера, оқытушылар мен курстастардың мейірімді қарым-қатынасы өте ұнады. Әрине, алғашқы күндері жаңа өмірмен оқу қарқынына ілесу қиындық туғызды. Менің ойымша, болашақ кәсіби қызметімде осы оқу орнынан алған білімімді сәтті жүзеге асырып, керемет маман бола алатыныма сенімдімін. Оқудан басқа мен спортпен де айналысамын. Университетте салауатты өмір салтын ұстануға көптеген мүмкіндіктер бар екендігі қуантады", - деп өз пікірін Алматы облысының Қаскелең қаласынан келген Нусип Дина білдірді.

Осы студенттердің ұстаз-тәлімгері Лайля Лянханқызының айтуынша, "Серпін" бағдарламасы бойынша оқуға келген білім алушылар өте жауапты және мақсатқа ұмтылғыш. "Студенттер қазіргі заман талабына сай білім алуға, өздерінің білім деңгейлерін кеңейтуге және жаңа достар табуға ұмтылуда. Біздің университет – өршіл мақсаттар мен идеяларды жүзеге асыруға арналған тамаша алаң", - деп өз сөзін түйіндеді куратор.

А. Мырзахметов атындағы КУ
баспасөз қызметі

- ✓ Түлектерге «запастағы лейтенант», «запастағы сержант» әскери атақтарын бере отырып, тегін және ақылы негізде оқытатын жігіттер мен қыздарға арналған әскери кафедра;
- ✓ мемлекеттік білім беру гранттары;
- ✓ жеңілдіктердің икемді жүйесі;
- ✓ ҚР Президентінің шәкірт-ақысы, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының, облыс әкімінің, ЖОО ректорының білім гранттары, Ақмола облысы әкімінің шәкіртақысы, түрлі ұйымдар тарапынан демеушілік көмек, армия генералы, Халық қайырманы М.К. Алтынбаев атындағы сыйақы;
- ✓ Ресей, Франция, Германия, Болгария, Латвия, Испания, Италия, Греция, Бельгия, Қырғызстан және т.б. жоғары оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастық қарым-қатынас;
- ✓ мықты материалдық-техникалық база, оның ішінде 9 заманауи оқу ғимараты, университеттік кампус;
- ✓ ҚР жоғары оқу орындарының ішіндегі бірегей Халықаралық спорт кешені;
- ✓ заманауи үлгідегі тренажер залы;
- ✓ өзінің ауқымы, инновациялылығы және дизайны бойынша өңірде теңдесі жоқ Студенттер сарайы;
- ✓ тұруға жайлы 2 студенттер үйі;
- ✓ шығармашылық студиялар (хореография, вокал, домбыра, театрлық, көркем сөз және т.б.);
- ✓ 5 бағыт бойынша зияткерлік клубтар: пікірсайыс, IT, ғылыми, кәсіби;
- ✓ университет қызметінің барлық бағыттары бойынша облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі конкурстардағы жеңістер мен жүлделі орындар;
- ✓ шет тілдерін оқыту орталығы сегіз (қазақ, орыс, ағылшын, неміс, қытай, корей, француз, араб) тілде оқытады;
- ✓ оқыту үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жүргізіледі;
- ✓ оқу-ғылыми зертханалар, мамандандырылған кабинеттер;
- ✓ студенттерге барлық мәселелер бойынша қолдау көрсету;
- ✓ медициналық қызмет көрсету, студенттерге арналған асхана;
- ✓ мансапты жоспарлау және дамыту.

ЖОО
коды:
158



Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі
Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті



ЗИЯЛЫ БІЛІМ – СІЗДІҢ БОЛАШАҒЫҢЫЗ!



Біздің мекен-жайымыз:

Көкшетау қ., М. Әуезов көш., 189-а

Қабылдау комиссиясы: 8-(7162)-33-45-95.

Құжаттарды қабылдауға жауаптылар:

Зубайраева Зухра Абибуллаевна 8-777-154-86-86,

Мұхтар Арыстанбекұлы 8-747-016-35-10,

Ауелхан Ақерке Аюпханқызы 8-747-708-05-07.

Түркістан қаласы мен Түркістан облысы бойынша құжаттарды қабылдауға жауапты:

Абилдаханова Салтанат Рахматуллаевна
8-778-800-11-06.

Шымкент қаласы мен Түркістан облысы бойынша құжаттарды қабылдауға жауапты:

Казыбаев Бейбит Орынбаевич 8-777-205-65-87,

Кенжебек Дінмұхамед Қанатбекұлы
8-776-135-22-25.

e-mail: kuam-kokchetau@mail.ru

www.kuam.edu.kz

insta: myrzakhmetov_university

vk.com/kuamtv

Магистратураның білім беру бағдарламалары (оқу мерзімі - 2 жыл):

- «Экология»,
- «Ақпараттық жүйелер»,
- «Қаржы»,
- «Мемлекеттік және жергілікті басқару»,
- «Есеп және аудит»,
- «Педагогика және психология»,
- «Құқықтану»,
- «Процессуалдық құқық»,
- «Туризм»,
- «Өмір тіршілігі қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау»,
- «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру»,
- «Аударма ісі»,
- «Тарих»,
- «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі».

Докторантура (оқу мерзімі – 3 жыл):

- «Қаржы»,
- «Педагогика және психология».

Қабылдау комиссиясына келесі құжаттар тапсырылады:

- ректордың атына жазылған өтініш;
- білімі туралы құжаттар (түпнұсқасы мен көшірмесі);
- №075/У үлгідегі дәрігерлік анықтама (флюорография түсірмесі);
- (Ф-63) екпе төлқұжаты,
- 3x4 см көлемдегі 6 дана сурет;
- жеке куәлігінің көшірмесі;
- ҰБТ тапсыруы туралы мемлекеттік сертификаты (түпнұсқасы мен көшірмесі).

Бакалавр мен магистратураның екі дипломдық білім беру бағдарламасы (Қазақстан, Ресей) жүзеге асырылады.

Бакалавриаттың білім беру бағдарламалары:

Инженерлік-экология факультеті

«Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» (математика, география) көлік басқармасы және мемлекеттік көлік инспекциясы.

«Ақпараттық жүйелер» (математика, информатика) әртүрлі меншік формасындағы кәсіпорындар мен ұйымдар.

«Еңбекке баулу және кәсіпкерлік негіздері» (шығармашылық емтихан) педагогикалық қызмет; құрастырушылық, жобалық ұйымдар, білім беру ұйымдары.

«Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау» (математика, физика) өрт сөндіру қызметі.

«Информатика» (математика, информатика) білім беру мекемелері.

«Сәулеткерлік, өнеркәсіптік, графикалық, сән дизайны» (шығармашылық емтихан) интерьерді, өнеркәсіптік және тұрмыстық қажеттіліктегі заттарды жобалау саласы.

«Мәдени-тынығу жұмысы» (шығармашылық емтихан) мәдениет, өнер, білім саласы.

«Экология» (биология, география) табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау; СЭС; қорықтар, қорықшалар.

Мемлекеттік гранттар және «Серпін» бағдарламасы бойынша, сондай-ақ ақылы негізде білім беру қамтамасыз етіледі.

Экономика факультеті

«Мемлекеттік және жергілікті басқару» (математика, география) барлық деңгейдегі билік ұйымдары (әкімдіктер).

«Қаржы» (математика, география) барлық деңгейдегі әкімдіктердің қаржы басқармалары мен бөлімдер, екінші дәрежелі банктер, қаржылық ұйымдар.

«Есеп және аудит» (математика, география) банк мекемелері, мемлекеттік органдар, барлық жекеменшік үлгідегі ұйымдар.

«HR - менеджмент» (математика, география) компанияның қызметкерлерін басқару жөніндегі мамандар.

«Туризм» (география, шет тілі) туристік фирмалар, қонақ үй сервисі; туристік индустрияның қызметтері.

«Бастапқы әскери дайындық» (шығармашылық емтихан) білім беру ұйымдары, мемлекеттік білім беруді басқару органдары.

«Дене шынықтыру және спорт» (шығармашылық емтихан) мектепке дейінгі, жалпы білім беру ұйымдарының, техникалық және кәсіптік мекемелердің оқытушысы.



Құқықтану факультеті

«Құқықтану» (дүниежүзі тарихы, құқық негіздері) барлық деңгейдегі атқарушы органдар: Әділет, сот, прокуратура, адвокатура, ИМ.

«Құқық қорғау және сот қызметі» (дүниежүзі тарихы, құқық негіздері) сот, прокуратура, адвокатура, қылмыстық-атқару жүйесі, ИМ.

«Халықаралық құқық» (дүниежүзі тарихы, құқық негіздері) ҚР Сыртқы істер министрлігі, елшіліктер, консулдықтар; ҚР және шет елдердегі компаниялардың заң бөлімдері; трансұлттық корпорациялар.



Гуманитарлық-педагогика факультеті

«Әлеуметтік жұмыс» (биология, география) білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау мекемелері мен басқару органдары.

«Тарих және қоғамтану» (дүниежүзі тарихы, география) мемлекеттік органдардың құрылымындағы басқарушылық, білім беру қызметі (педагогикалық зертханалар, кітапханалар, баспалар, т.б.).

«Халықаралық қатынастар» (дүниежүзі тарихы, шет тілі) Сыртқы істер министрлігі; Шет елдік елшіліктер мен өкілдіктер.

«Аударма ісі» (дүниежүзі тарихы, шет тілі) мәдени мекемелер; халықаралық трансұлттық корпорациялар

«Шетел тілдері» (дүниежүзі тарихы, шет тілі) ағылшын және неміс тілінің мұғалімі, шет тілдерді тереңдетіп оқытатын мектептер.

«Психология» (биология, география) білім беру; мектеп жүйесі, мектепке дейінгі оқыту, орта кәсіптік оқыту және тәрбие беру жүйесі, білім беру саласындағы мемлекеттік басқару органдары.

«Мектепке дейінгі білім беру» (биология, география) мектепке дейінгі ұйымдар, білім беру басқармасы, біліктілікті арттыру мен білім беру жүйесіндегі кадрларды қайта даярлау институты.

«Әлеуметтік педагогика» (биология, география) мемлекеттік құрылымдар, әлеуметтік бағыттағы мекемелер.

«Бастауыш білім беру» (биология, география) жалпы білім беретін мектептер, мемлекеттік білім беруді басқару органдары.



ҚОЛДЫҢ СӘНІ – БІЛЕЗІК

Материалды дайындаған:
Түркістан облыстық тарихи-өлкетану
музейінің бас қор сақтаушысы
Төлендиева Айгүл Сұлтанқызы



Білезік – әйел адамдардың әшекейлі бұйымдарының бірі. Білезік – әйелдерге арналған әшекейдің ең көп кездесетін, әрі күнделікті қолданылатын түрі. Қыз бала 3-4 жасқа келгеннен-ақ, атанасы «бойын түзеп, сән-салтанатта өссін», - деп бала білезіктер соқтырған. Білезіктердің үлкен-кішілігі, жасалу материалы, түрі әркімнің өз қалауынша болады.

«Білек» және «жүзік» сөздерінің кірігуінен туған сөз. Білезік түрлеріне келер болсақ, олар:

- алтын білезік – алтыннан соғылған білезік;
- күміс білезік – күмістен соғылған білезік;
- жіңішке білезік – еңсіз жіңішке, жұқа білезік;
- жалпақ білезік – енді етіп соғылған білезік;
- жыланбас білезік – екі ұшы «жыланбас» пошымында соғылған білезік;
- тасты білезік – тас орнатылған білезік;
- құйма сом білезік – алтын, күміс сияқты бағалы металдан құйылған сом, ірі білезік;
- үзбелі білезік – үзбелі немесе бірнеше тастан көз орнатылған білезік;
- жұмыр, қобы, шұжық білезік – іші қуыс, үлкендігі әртүрлі жұмыр білезіктер тобы;
- сіркелі білезік – сіркемен әшекейленген білезік;
- қоңырау, қақпақ білезік – екі ұшы айқастыра жасалған білезік;
- өрме, бұрама білезік – бағалы металдан жасалған сымдарда есіп немесе өріп жасалған білезіктер;
- топсалы білезік – топсаның көмегімен ашып жабылатын екі басы металл істік арқылы бекітілетін білезік;

➤ бес білезік – басы бір-біріне бекітілетін шынжыр арқылы қол үстінен өтетін үзбеге бекітілген үш немесе екі сақина орнатылған білезік. Бес білезікті қолға тағарда алдымен сақинасын иіп алады. Бес білезікке асыл тастардан түрлі көздер орнатылып, «ирек», «мүйіз», «құс қанат», «бөріқұлақ» сияқты күрделі оюлар сымкәптеу тәсілі арқылы орнатылды. Бес білезіктің топсалы емес, жалпақ бауырлы түрі де жиі кездеседі;

➤ жұмыр білезік – құйма тәсілмен жасалады. Жұмыр білезікке ою-өрнектер сызу және шеку әдістері арқылы түсіріледі. Жұмыр білезіктің жез қосып балқытылған немесе төмен пробалы күмістен жасалынған түрлері көптеп кездеседі. Мұндай білезіктер бастың сақинасы ұстаған кезде (мигрен), қан қысымы көтерілген уақытта «дене-

нің дауалануына көмектесіп тұрады», - деп есептеген;

➤ қарала білезік – күміс бетіне қара жүргізу әдісімен жасалған білезік түрі, оны «Кавказ білезік» деп те айтады. Себебі қарала жүргізу әдісі кавказ халықтары шеберлерінен келген деген мәліметтер бар. Қарала білезіктер көбінесе «ирек», «гүл», «жапырақ», «бұрыш» өрнектерде салынады. Бұл білезікті де көбінесе орта жастағы және егде тартқан әйелдер таққан;

➤ өрме білезік – жуан алтын, күміс сымдардан өріп құрастырылып жасалған. Мұндай білезіктердің екі жақ басы алақан сияқты тұтас келеді. Осы алақан бетіне «қазтабан», «жүрекше», «қос ырғақ» өрнектері сызу арқылы жүргізіледі. Мұндай білезіктерді жас қыз-келіншектер таққан.

Оқырмадарымыз үшін Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музей қорында сақталған бірнеше білезіктер түріне сипаттамалар бере кеткенді жөн санаймын.

Музей қорында сақтаулы суретте көрсетілген XIX-шы ғасырға жататын білезіктер күміс, шыныны пайдаланып қалыптама, бедерлеме тәсілдері қолданылып жасалған. Жұқа күміс тақталарды бір-біріне көмкеріп, бетіне бедерлі көзтана, қиықша сияқты геометриялық өрнектер бедерленген және үш жерден қас қондырылып, шыныдан көз орнатылған. Құрамы – 916° сапалы күміс, салмағы – 173,80 гр. Өлшемі 5,6 x 6,1 см. Жұмыр білезік, XIX-шы ғасыр. (ТК12179) Күмісті пайдаланып құйма, оймыш тәсілдері қолданылып жасалған. Иілген күміс бөлігінен жасалған жұмыр білезіктің екі қоспасының етегі, ортасы және ортаңғы буындары балық қабыршағына ұқсас жартылай дөңгелек өрнекпен өрнектелген. Құрамы - 500° сапалы күміс, салмағы – 82,76 гр. Өлшемі 21 x 2,5 см.



Бұрама білезік. Дағыстан, XIX-шы ғ. аяғы. (ТК 13331) Күміспен шыныны пайдалана отырып ширатпа әдісін қолданып жасалған. Жуан сымның арасына жіңішке сым ширатпа қосып есіп, бұрап жасаған білезік түрі өте көнеден келеді. Білезіктің екі қоспасына үш көзді көзтанамен өрнектелген жапсырма дәнекерленген. Құрамы – 500° сапалы күміс, салмағы – 81,35 гр. Өлшемі 7 x 5,5 см.



Бұрама білезіктер. Дағыстан, XIX ғ. аяғы. ТК13330/1-2 Жуан күміс сым мен жіңішке ширатпаны қосып, есіп бұрау арқылы жасалған бұрама білезіктің екі қоспасы жалпақ етіп соғылған. Құрамы – 600°, 700° сапалы күміс, салмағы – 247,21 гр. Өлшемі 7 x 6 см.



Қорыта айтқанда, халқымызда баланы бесікке салғандарға сақина, жүзік көйлек-маталармен бірге білезікті де берген. Қыз ұзату тойында өлең айтқан жігіттерге қыздар білезік сыйлаған. Бұл әдет-ғұрып бойынша «баласы тұрмай» жүрген ата-аналар жас баланың қолына және аяғына «Темірдей мықты болсын», - деп оң тілек айтып, бір-бірден білезік салған. Ата-бабаларымыз өзі жақсы көретін немесе қорқатын, реті келсе оның күшіне ие болғысы келетін тотемдік сипаттағы жан-жануарлар бейнесін білезіктерінің сыртына бейнелеп отырған.



«QAZAQ-BILIM CENTER» рекрутингтік компаниясы білім беру саласындағы мұғалімдермен оқытушылардың және басқа санаттағы қызметкерлердің құзыреттілігін арттыру курстарына тыңдаушыларды шақыратының хабарлайды:

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің базасында, онлайн форматында мектеп мұғалімдеріне, колледж оқытушыларына, ЖОО-ның профессорлық-оқытушылары мен оқу орындарының басқару құрамына арналған оқу курстары ағымдағы жылдың 26 мамыры мен 4 шілдесі аралығында өтеді (көлемі – 90 академиялық сағат).

Курстың соңында тыңдаушылар мамандандырылуы бойынша жеке кейстерін орындап, растау сертификаттарын алады.

Курстық бағдарламалар оқу-әдістемелік жұмыстарды кең көлемде қамтып, мамандардың онлайн жұмыстарын ұйымдастырудағы және заманауи ОТҚ-мен жұмыс істеуде қажетті дағдылары мен құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Курстардың мақсаты – педагогтарды заманауи талаптарға сай оқыту компоненттерімен таныстыру, олардың тиісті мамандық бойынша теориялық және практикалық білімдерді меңгеруі мен өз тәжірибесінде дағдыларды сауатты қолдануға үйрету.

Курстан кейін тыңдаушыларда қалыптасатын құзыреттіліктер:

- ✓ Оқытудың тиімді технологияларын меңгереді және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың үздік жүйелерімен танысады;
- ✓ Мамандандырылған пәндерді оқыту мен оқудың озық әдістерін меңгереді;
- ✓ Оқытудың инновациялық әдістері туралы білімдерін жүйелеуді үйренеді;
- ✓ Цифрлық курсты жобалауда алдыңғы қатарлы дағдыларды меңгереді;
- ✓ Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырып, әріптестермен және студенттермен қарым-қатынасты жақсартуға мүмкіндік алады;
- ✓ Білім алушылардың сенімдері мен құндылық бағдарларын еркін қалыптастыра алады.

Бағдарламада келесі бағыттары бойынша оқыту қарастырылған:

Экономика: Білім берудегі менеджмент (Білім беруді цифрландыру және электронды құжат айналымы), Орыс тілі (салалар бойынша құжаттық айналымды жүргізу ісі), Инклюзия, Білім саласында жасанды интеллектті пайдалану (біліктіліктер бойынша), Химия, Тарих, Биология, Физика, Математика, Техникалық пәндер және т.б.

Тіркелу тел./Whats'App: +7 775 136 16 07. E-mail: q-bc@mail.ru



В стране появятся новые специальности

Заместитель премьер-министра Ермек Кошербаев сообщил о подготовке в стране специалистов по работе с детьми с особыми потребностями, передает корреспондент Tengrinews.kz.

По его словам, сегодня особенно востребованы дефектологи, логопеды, нейропсихологи, социальные педагоги и другие. Подготовку специалистов в области специальной педагогики ведут 17 вузов.

«На 2024–2025 учебный год по госзаказу выделено: 656 грантов на бакалавриат, 150 — на магистратуру, 13 — на докторантуру», — говорится в ответе Кошербаева на депутатский запрос.

В реестр образовательных программ включены 62 направления, в том числе:

- «Специальная педагогика»,
- «Сопровождение детей с расстройствами аутистического спектра»,
- «Тифлопедагогика»,
- «Инклюзивное образование»,
- «Педагогика ранней поддержки»,
- «Эрго-педагогика» и другие.

Также сообщается, что в профессиональный стандарт по специальному образованию добавлены новые специальности:

- педагог ранней поддержки,
- эрго-педагог,
- педагог по работе с детьми с нарушениями общения и социальной адаптации,
- педагог по работе с детьми с задержкой психического развития и трудностями в обучении.

В Казахстане построили более тысячи школ

С 2019 года в Казахстане реализуются масштабные инфраструктурные проекты, которые обеспечили более млн учеников местами в 1200 новых школах. Особенно значимыми стали результаты 2023 и 2024 годов, когда ввели в эксплуатацию 422 образовательных учреждения на 510 тыс. мест.

В рамках нацпроекта «Комфортная школа» в стране ведется строительство 217 школ на 460 тыс. ученических мест. На сегодня 105 из них ввели в эксплуатацию, еще 112 комфортных школ завершат до конца 2025 года. Кроме того, за счет средств республиканского и местного бюджетов, а также привлечения частных инвестиций строят 127 школ на 92 тыс. ученических мест.

«Наряду с этим продолжается модернизация тысячи школ в райцентрах и селах по семи направлениям. За последние три года обновили материально-техническую базу более чем 4 тыс. школ, еще в более чем двух тысячах образовательных учреждений установили современные кабинеты робототехники, химии, биологии, физики и STEM-дисциплин», — говорится в официальном сообщении правительства РК.

Следующим этапом перехода к единому современному формату школьной инфраструктуры станет реновация школ. В соответствии с поручением президента в течение ближайших трех лет планируется реновация образовательных учреждений среднего звена во всех регионах страны.

«На сегодня определена 1 231 школа, подлежащая реновации, более половины из которых — 54% — расположены в сельской местности».

В рамках работ запланированы замена кровли, обновление фасадов и окон, капитальный ремонт инженерных коммуникаций — электроснабжения, отопления, водоснабжения, канализации и вентиляции. Также будет проведено благоустройство и озеленение школьных территорий.

«Ғылым. Білім. Тәрбие»

республикалық ақпараттық ғылыми-педагогикалық газет.
2024 жылғы 31 мамырдан шыға бастады

Меншік иесі:

«QAZAQ-BILIM CENTER»
рекрутинг компаниясы» ЖШС

Бас редактор:
Н.С. Жармаханбетов

Есепке қою туралы
мәлімет QR-код арқылы:



e-mail: nuraly1005@bk.ru
What'sApp +7 747 801 80 50

ТАРАЛЫМЫ:
кемінде тоқсанына 1 рет
Формат А3.

Барлық фотосуреттер ашық
интернет жүйесінен алынған.

Авторлардың мақала
мазмұнына редакция
жауапты емес.